Аннотация. В статье проводится анализ интеграционных процессов в приграничных территориях Костанайской области РК и Челябинской области РФ в сфере образования и науки, выявляются основные направления их сотрудничества. Освещается деятельность Форумов межрегионального сотрудничества Казахстана и России с 2003 по 2018 год, целью которых является интенсификация взаимодействия сопредельных территорий двух государств. Отдельно рассматривается XIV Форум межрегионального сотрудничества 2017 года в Челябинске, направленный на развитие человеческого капитала. В рамках этих форумов происходит взаимодействие изучаемых регионов.

В работе характеризуется деятельность Костанайского филиала ЧелГУ, совместный научный поиск ученых в сфере инноваций, агропромышленного комплекса и системы профессионального образования. Кроме того, раскрываются такие нежелательные явления, как отток казахстанских выпускников в российские вузы.

Ключевые слова: Костанайская область, Челябинская область, приграничное сотрудничество, интеграция в сфере образования и науки, Форумы межрегионального сотрудничества Казахстана и России.

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2018-125-4-46-52>

Введение. Сопредельные территории Казахстана и России стали своего рода «генераторами экономической интеграции» и привели к тому, что двустороннее сотрудничество расширило свои границы, распространилось и на другие регионы наших государств.

Приграничные территории Костанайской и Челябинской областей имеют многолетнюю историю взаимодействия друг с другом, и в последнее время эти связи только усиливаются. И это неслучайно: нас объединяют почти девятьсот километров общей границы и исторический опыт в плане транспортной логистики. Эти компетенции сформировались еще во времена Великого Шелкового пути и строительства Транссибирской магистрали.

Президент Н.А.Назарбаев на Форуме в Уральске подчеркнул, что духовная часть двустороннего сотрудничества не должна отставать от экономики, поскольку совместные мероприятия в сфере культуры способствуют упрочению традиционных гуманитарных связей между нашими народами, открывают новые возможности для изучения духовного

наследия и в целом обогащают многообразную палитру казахстанско-российских отношений [1].

Основной задачей исследования является изучение вопросов интеграционных процессов между Костанайской и Челябинской областями в академической сфере, выявление основных направлений данного сотрудничества.

Методы исследования. Работа основана на принципах исторической науки и диалектики, в исследовании использованы методы статистического, сравнительно-сопоставительного и факторного анализа. Основными участниками приграничных двусторонних отношений являются высшие учебные заведения, научно-исследовательские институты и др. В связи с этим рассмотрено сотрудничество вузов Костаная и Челябинска в инновационных сферах высоких технологий и агропромышленного комплекса, а также академической мобильности. Выбор комплексного подхода к исследованию проблем приграничного сотрудничества двух областей объясняется тем, что он повышает научную и практическую составляющие данных отношений.

Форумы межрегионального сотрудничества Казахстана и России.

Приграничное сотрудничество является первокирпичиком во взаимоотношениях двух государств. Данная интеграционная инициатива приветствуется и поддерживается на самом высоком уровне. Тому пример форумы межрегионального сотрудничества Казахстана и России. В связи с этим хотелось бы вспомнить содержание всех форумов, которые представлены в таблице 1.

Таблица 1 - Форумы межрегионального сотрудничества Казахстана и России

№	Время и город проведения	Темы (вопросы) форума
1	15-16 апреля 2003 года, г. Омск	Год Казахстана в России. Соглашения о сотрудничестве в сферах автомобильных перевозок, авиасообщений и здравоохранения
2	15-17 мая 2005 года, г. Челябинск	Упрощение режима пересечения казахстанско-российской границы гражданами обеих стран по их внутренним паспортам (удостоверениям личности)
3	3-4 октября 2006 года, г. Уральск	Вопросы поставок казахстанского газа (Карачаганак - Оренбургский газоперерабатывающий завод (СП))
4	4 октября 2007 года, г. Новосибирск	Программы экономического сотрудничества на 2008-2010 гг., сотрудничества в гуманитарной сфере на 2007-2010 гг.
5	22 сентября 2008 года, г. Актобе	Вопросы развития двустороннего сотрудничества в сфере высоких технологий
6	11 сентября 2009 года, г. Оренбург	Вопросы взаимодействия в сфере энергетики
7	7 сентября 2010 года, г. Усть-Каменогорск	Вопросы устойчивого развития и высоких технологий
8	15 сентября 2011 года, г. Астрахань	Совместное реагирование на чрезвычайные ситуации трансграничного характера
9	18-20 сентября 2012 г., г. Павлодар	Вопросы индустриально-инновационного сотрудничества
10	11 сентября 2013 года, г. Екатеринбург	Вопросы промышленной кооперации

11	30 сентября 2014 года, г. Атырау	Вопросы инноваций в углеводородной сфере
12	16 сентября 2015 года, г. Сочи	Сотрудничество в сфере агропромышленного комплекса и продовольственной безопасности
13	4 октября 2016 года, г. Астана	Вопросы транспорта и логистики
14	8-9 ноября 2017 года, г. Челябинск	Развитие человеческого капитала
15	2018 год, г. Петропавловск	Новые подходы и тенденции в развитии туризма России и Казахстана

Из таблицы видно, что в основном тематики Форумов были направлены на решение вопросов экономики, индустрии и логистики. Только Форумы 2007 и 2017 годов были посвящены гуманитарной сфере и развитию человеческого капитала.

8 и 9 ноября в Челябинске проходил XIV Форум межрегионального сотрудничества России и Казахстана. Его главная тема – «Развитие человеческого капитала». На площадке Южно-Уральского государственного университета стартовал форум ректоров университетов двух государств. Перед гостями с докладом выступили министры образования и науки РК и РФ Сагадиев Е. и Васильева О., а также председатели Совета ректоров вузов РК и РФ, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева Е.Сыдыков и ректор МГУ им. Ломоносова В.Садовничий.

В работе форума были определены три основных направления:

1. образование как ключевой фактор повышения конкурентоспособности человеческого капитала;
2. развитие инновационной деятельности современных вузов;
3. стратегическое партнерство вузов России и Казахстана.

Одним из важных планов на будущее являлся вопрос создания системы совместных российско-казахстанских научных и образовательных грантов [2].

Немного ранее, в ходе визита делегации Костанайской области на Южный Урал в 2015 году был подписан меморандум о сотрудничестве регионов в сфере технического образования.

Приграничное сотрудничество Костанайской области РК и Челябинской области РФ в области образования и науки.

Анализируя взаимодействие приграничных территорий Костанайской и Челябинской областей, можно выделить пять основных направлений сотрудничества в сфере образования и науки.

1) Инновации в системе профессионального образования. Казахстанские педагоги делятся инновациями в системе профессионального образования. В августе 2017 года в Южно-Уральской торгово-промышленной палате стартовал международный проект фонда социально-экономического развития «Евразийское содружество» с участием приграничных районов России и Казахстана.

Своего рода брендом Южно-Уральского гуманитарно-педагогического университета стали международный конгресс «Непрерывное педагогическое образование» и научно-практическая конференция «Региональные модели поддержки одаренных и перспективных детей». Они проходят в Челябинске на началах кооперации Южно-Уральского гуманитарно-

педагогического университета с Национальным центром повышения квалификации Казахстана – с институтом данного профиля в Костанайской области.

2) Сотрудничество ученых в сфере высоких технологий. На сегодняшний день между костанайскими и челябинскими учеными существует несколько совместных проектов в сфере инноваций - подающие надежды молодые ученые участвуют в международных научных форумах. Другой, не менее важный вопрос - создание системы совместных российско-казахстанских научных и образовательных грантов, который пока находится на стадии планирования.

3) Совместный научный поиск ученых в агропромышленном комплексе. Ученые-аграрии проводят совместные эксперименты по повышению продуктивности скота на площадках казахстанских хозяйств, таких как ТОО «Крымское», «Сары-Агаш», «Ольшанское», «Шандыколь», «Бек+». К примеру, улучшают генофонд коров методом трансплантации эмбрионов. Также выясняют причины недобора молока, дают рекомендации по сбалансированию рационов, внесению в них полезных микро- и макродобавок. Казахские ученые щедро делятся своими инновациями, например, влагосберегающей беспропашной технологией, разработанной в Костанайском НИИ сельского хозяйства, которую уже начинают внедрять и в Челябинской области, например, в сельскохозяйственном производстве «Совхоз «Брединский».

Ученые-аграрии сотрудничают и в рамках казахстанско-сибирской селекционной программы, обмениваются сортовыми новинками. Своими ноу-хау они делятся на международных научных форумах в Южно-Уральском государственном аграрном университете, Костанайском инженерно-экономическом университете им. М. Дулатова и Костанайском государственном университете им. А. Байтурсынова. По программам обмена костанайские и челябинские профессора проводят лекции, а студенты проходят обучение в вузах двух городов. Дан старт и научному сотрудничеству южноуральского вуза с агротехническим университетом в Астане.

4) Мобильный «академ». По программе академической мобильности челябинские студенты приезжают в Казахстан, один-два семестра учатся в Евразийском национальном университете им. Л.Н. Гумилева. Конечно, пока челябинских студентов привлекают только столичные вузы, хотя есть надежда, что в будущем этот вопрос будет решаться и в пользу костанайских вузов.

В Южно-Уральском государственном университете читают лекции 15 профессоров и доцентов из Казахстана, научные исследования ведут 45 молодых казахстанских ученых.

Динамично развивается сотрудничество между вузами Костаная и Челябинска. Организовано обучение студентов из Костанайского социально-технического университета по типу деканата.

5) Международный диалог. Вузы Челябинска сотрудничают с вузами Казахстана в рамках программы «Темпус», инновационного проекта «ИКТ-образование». В 2017 году ЮУрГУ вошел и в проект Erasmus+. Этот проект разработан с институтами России, Китая и Казахстана. В нем примут участие и два казахстанских вуза - Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина и Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова. Также идет сотрудничество в рамках Университета ШОС. Это совместная подготовка кадров в вузах-партнерах: Казахском национальном техническом университете им. К.И. Сатпаева, Казахском национальном университете им. аль-Фараби, экономических вузах Астаны и Караганды [3].

Челябинские вузы уже выходят на образовательный рынок Казахстана. Пример тому - Костанайский филиал ЧелГУ. Филиал создан и осуществляет свою деятельность на основе решения Совета глав правительств Республики Беларусь, Республики Казахстан, Кыргызской Республики, Российской Федерации и Республики Таджикистан «О создании

и функционирования филиалов высших учебных заведений» № 87 от 23 мая 2000 года. На сегодняшний день в нем обучаются около 4000 студентов и почти все выпускники находят работу в Костанайской области. Причем здесь сумели совместить требования образовательных стандартов обеих стран⁴.

Кроме положительных моментов двустороннего сотрудничества необходимо отметить определенные риски и нежелательные тенденции в сфере образования и науки. Наиболее острым вопросом остаётся большой отток казахстанских выпускников в российские вузы.

Так, в 2016-2017 учебном году в Южно-Уральском государственном университете обучались 3400 студентов из Казахстана, а в Южно-Уральском гуманитарно-педагогическом университете в том же учебном году было зачислено 431 иностранных студентов из Казахстана, в 2017-2018 – 517 казахстанских выпускников [4, с. 46].

Особый всплеск оттока казахстанских выпускников за границу зафиксирован в 2016 году – из 121 000 выпускников более 70 000 отдали предпочтение российским вузам. В 2017 году школы окончили 136 269 выпускников. Ориентировочно 15-20 тысяч ушли в зарубежные вузы, из них в российские вузы - 70%. Казахстан уже несколько лет является лидером по числу студентов, обучающихся в российских вузах. В 2015-2016 учебном году в России насчитывалось 73 455 студентов, приехавших из РК [5].

По итогам 2015-2016 учебного года из всех выпускников общеобразовательных школ Костанайской области в вузы РФ поступили 754 выпускника. В 2017 году - 591 выпускник школ.

В 2018 году в вузы планируют поступать – 75,6% выпускников школ Костанайской области (3650, из них в вузы Казахстана – 2914, или 79,8%, в вузы России – 671, или 18,4%, в вузы других стран – 65, или 1,8%) [6].

Заключение. Резюмируя вышесказанное, хотелось бы отметить, что приграничное сотрудничество между Костанайской и Челябинской областями интенсифицирует интеграционные процессы между Казахстаном и Россией. Особенно эти процессы можно наблюдать в сфере образования и науки. Помимо мероприятий самого высокого ранга, например, Форумов межрегионального сотрудничества России и Казахстана, интеграция в гуманитарной сфере наблюдается и в сопредельных территориях Костанайской и Челябинской областей. Можно выделить пять основных направлений сотрудничества: инновации в системе профессионального образования, сотрудничество ученых в сфере высоких технологий и в агропромышленном комплексе, академическая мобильность и диалог на международных площадках. Вместе с тем, нужно сказать и о рисках для казахстанской стороны, которые требуют детального изучения и скорейшего политико-управленческого решения. К ним, в первую очередь, можно отнести большой отток казахстанских выпускников в российские вузы.

Список литературы

1. Султанов Б.К. Уральский форум приграничных регионов РК и РФ и его роль в углублении двустороннего сотрудничества [Электрон.ресурс]. - 2006 г. - URL: kisi.kz/ru/categories/geopolitika-i-mezhdunarodnye-otnosheniya/posts/ural-skiy-forum-prigranichnyh-regionov-rk-i-rf (дата обращения: 15.03.2018)
2. Мицых Е. Форум России и Казахстана откроет новые перспективы для Челябинской области [Электрон.ресурс]. - 2017 г. - URL: <http://fedpress.ru/article/1890301> (дата обращения: 27.03.2018)

⁴ Официальный сайт Костанайского филиала Челябинского государственного университета // <http://csu.kz/>

3. Аникиенко Е. Евразийское содружество [Электрон.ресурс]. - 2017 г. - URL: <https://ur74.ru/articles/obshchestvo/98593/> (дата обращения: 07.04.2018)
4. Деятельность университета в 2016-2017 учебном году. Основные результаты. - Челябинск, 2017. – 120 с.
5. Около 20 тысяч казахстанских выпускников в этом году уедут учиться за рубеж – эксперт [Электрон.ресурс]. - 2017 г. - URL: <https://informburo.kz/novosti/okolo-20-tysyach-kazahstanskih-vypusknikov-v-etom-godu-uedut-uchitsya-za-rubezh-ekspert.html> (дата обращения: 05.05.2018)
6. 68,3% выпускников костанайских школ планируют участвовать в ЕНТ [Электрон.ресурс]. - 2018 г. - URL: https://www.inform.kz/ru/68-3-vypusknikov-kostanayskih-shkol-planiruyut-uchastvovat-v-ent_a3208965 (дата обращения: 03.05.2018)

Ж.Е. Нұрбаев, А.Н. Оспанова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

**Қазақстан-ресей шекарасындағы интеграция:
білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты талдау
(ҚР Қостанай облысы мен РФ Челябі облысы мысалында)**

Аннотация. Мақалада білім және ғылым саласындағы ҚР Қостанай облысы мен РФ Челябі облысының шекаралас аумақтарындағы интеграциялық үдерістерге талдау жүргізіледі, олардың ынтымақтастықтың негізгі бағыттары анықталады. 2003 жылдан бастап 2018 жылға дейін Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық ынтымақтастығы форумдарының қызметі баяндалады, олардың мақсаты екі мемлекеттің шектес аумақтарының өзара іс - қимылын қарқындету болып табылады. Адам капиталын дамытуға бағытталған Челябі қаласында 2017 жылғы XIV өңіраралық ынтымақтастық форумы бөлек қарастырылуда. Осы форумдар шеңберінде зерттелетін өңірлердің өзара іс-қимылы жүзеге асырылады.

Жұмыста ЧелМУ Қостанай филиалының қызметі, инновация, агроөнеркәсіптік кешен және кәсіптік білім беру жүйесі саласындағы ғалымдардың бірлескен ғылыми ізденісі сипатталады. Сонымен қатар, қазақстандық түлектердің ресейлік жоғары оқу орындарына кетуі сияқты жағымсыз құбылыстар ашылады.

Түйін сөздер: Қостанай облысы, Челябі облысы, шекаралық ынтымақтастық, білім және ғылым саласындағы интеграция, Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық ынтымақтастық форумы.

Zh.E. Nurbaev, A.N. Ospanova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**Integration in the Kazakh-Russian border area: analysis of cooperation in the
field of education and science (on the example of Kostanay region of
Kazakhstan and Chelyabinsk region of Russia)**

Abstract. The article analyzes the integration processes in the border areas of Kostanay region of Kazakhstan and Chelyabinsk region of the Russian Federation in the field of education and science, identifies their main areas of cooperation. The activity of the Forums of interregional cooperation between Kazakhstan and Russia from 2003 to 2018, the purpose of which is to intensify the interaction of adjacent territories of the two States. Separately, the XIV forum of interregional cooperation 2017 in Chelyabinsk, aimed at the development of human capital, is considered. Within these forums, the regions under study interact.

The work describes the activities of Kostanay branch of ChelGU, joint scientific search of scientists in the field of innovation, agriculture and vocational education. In addition, such undesirable phenomena as the outflow of Kazakh graduates to Russian universities are revealed.

Keywords: Kostanay region, Chelyabinsk region, cross-border cooperation, integration in education and science, interregional cooperation Forums of Kazakhstan and Russia.

References

- 1 Sultanov B.K. Ural'skiyi forum prigranichnyh regionov RK i RF i ego rol' v uglublennii dvustoronnego sotrudnichestva [Ural forum of the border regions of Kazakhstan and Russia and its role in deepening bilateral cooperation]. Available at: <http://kisi.kz/ru/categories/geopolitika-i-mezhdunarodnye-otnosheniya/posts/ural-skiy-forum-prigranichnyh-regionov-rk-i-rf>. (accessed: 15.03.2018).
- 2 Micih E. Forum Rossii i Kazakhstana otkroet novie perspektivi dlya Chelyabinskoi oblasti [Forum of Russia and Kazakhstan will open new prospects for the Chelyabinsk region]. Available at: <http://fedpress.ru/article/1890301>. (accessed: 17.03.2018).
- 3 Anikienko E. Evraziiskoe sotrudnichestvo [Eurasian Commonwealth]. Available at: <https://up74.ru/articles/obshchestvo/98593/> (accessed: 07.04.2018).
- 4 Deyatel'nost' universiteta v 2016-2017 uchebnom godu. Osnovnie rezultaty. [The work of the University in the 2016-2017 school year. Main results]. - Chelyabinsk, 2017 – 120 s.
- 5 Okolo 20 tysyach kazakhstanskih vypusnikov v etom godu uedut uchit'sya za rubej – ekspert [About 20 thousand Kazakh graduates this year will go to study abroad - expert]. Available at: <https://informburo.kz/novosti/okolo-20-tysyach-kazahstanskih-vypusnikov-v-etom-godu-uedut-uchitsya-za-rubezh-ekspert.html>. (accessed: 05.05.2018).
- 6 68,3% vypusnikov qostanaiskih shkol planiruyut uchastvovat' v ENT [68.3% of Kostanay school graduates plan to participate in the UNT]. Available at: https://www.inform.kz/ru/68-3-vypusnikov-kostanayskih-shkol-planiruyut-uchastvovat-v-ent_a3208965. (accessed: 03.05.2018).

Сведения об авторах:

Нурбаев Ж.Е. – к.и.н., доцент кафедры регионоведения ФМО Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева 2, Астана, Казахстан.

Оспанова А.Н. – PhD, зав.кафедрой регионоведения ФМО, Евразийского Национального Университета им. Гумилева, ул. Сатпаева 2, Астана, Казахстан.

Nurbayev Zh.E. – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of Regional Studies, Faculty of International Relations of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev street 2, Astana, Kazakhstan.

Ospanova A.N. - PhD, Head of the Department of Regional Studies, Faculty of International Relations of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev st., 2, Astana, Kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы -
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, № 4 (125)/2018, 53-62pp.
<http://bulpolit.enu.kz/>; E-mail: vest_polit@enu.kz

МРНТИ 03.09.55

Л.Н. Нурсултанова¹, Т.Т. Атаева², М.А. Маметай³

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹2012nura@bk.ru, ²jan_92.17@mail.ru, ³abdullaevna_96@mail.ru)

Қазақстан-Қытай энергетикалық жобалары

Аннотация. Әлемдік саясатта энергетикалық фактордың әскери фактордан кем емес рөл ойнай бастауы, энергетикалық дипломатияның халықаралық саясат құралы ретінде қалыптасып, әрі қарай дамуына алып келді. Осы орайда, Қазақстанның шығыстағы көршісі болып табылатын Қытай Халық Республикасымен арадағы энергетикалық байланыстың маңыздылығы зор. Мақалада екі мемлекеттің екі жаққа да маңызы бар мұнай-газ жобаларын жүзеге асырудағы негізгі кезеңдері сарапталып қарастырылған.

Екі республика да тұрақты негізде комитеттің 9-шы отырысында қабылданған шешімдердің орындалу нәтижелерін қарастырады. Бұдан басқа, мұнай-газ және атом өнеркәсібіндегі ынтымақтастықтың жай-күйі мен перспективалары, сондай-ақ электр энергетикасы, жаңартылатын энергия көздері саласындағы ынтымақтастық және бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланады.

Инвестицияларды тарту бойынша көш бастап тұрғандардың қатарында осы 26 жыл ішінде отын-энергетикалық секторға 200 млрд. доллар тікелей шетелдік инвестициядан тартылған болатын. Бүгінгі күні бұл саладағы жағдай: үш ірі жоба - Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ - өндірісті кеңейту жобаларын іске асыруда, жалпы инвестиция көлемі 42,3 миллиард долларды құрайды.

Түйін сөздер: Қазақстан, Қытай, мұнай, газ, энергетикалық мүдде, ресурстар, шикізат, экономикалық ынтымақтастық.

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2018-125-4-53-62>

Кіріспе. Қазақстан мен Қытай арасындағы энергетика саласындағы екіжақты қарым-қатынастар өзара тиімді сипатқа ие. Бұл ынтымақтастықты практикалық мақсаттарға әлдеқайда жылдам қарқынмен алып шығуға мүмкіндік берді, мысалы, бұл ресей-қытайлық мұнай-газ келісімшарттарымен салыстырғанда әлдеқайда тезірек жүзеге асты.

Мақаланың мақсаты Қазақстан мен Қытай арасындағы энергетика саласын зерттеу. **Авторлар** екі жақты ынтымақтастықтың жүзеге асу үрдістерін сараптаған. **Мақалада** келесідегідей әдістер қолданылған: тарихи әдіс қарым-қатынастардың даму кезеңдерін саралау арқылы көрсетілген. **Сараптама** әдісі бірлескен жобаларды дамыту негізінде қолданылған.

Талқылау: Екі жақты энергетикалық қатынастарға негізгі серпін берген 1996 жылғы 24 қыркүйекте мұнай және газ саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясының (CNPC) Қазақстандағы кен орнын игеру және мұнай құбырын салу жөніндегі келісімге қол қойылуы болды. Қол жеткізілген уағдаластықтар екі тараптың да мүдделерін қанағаттандыратын, екі елдің қатысуымен бірқатар бірлескен жобаларды жасауға мүмкіндік берді. Осыдан бірнеше жыл өткен соң, қазақстандық мұнай-газ саласына салынған инвестиция көлемі Қытайды осы көрсеткіш бойынша көшбасшылардың бірі ретінде қарастыруға жол ашты.

Энергетика және энергетикалық ресурстарды тасымалдау саласындағы Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастық екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың басым бағыты болып табылады. Екіжақты қарым-қатынастардың кең ауқымында осы

мәселелер 2005 жылы Қазақстан мен Қытайдың Стратегиялық әріптестік қатынасын орнату және дамыту туралы бірлескен декларациясында анықталған [1].⁵

XXI ғасырдың басында мұнай-газ секторындағы жобаларды жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық қарқынды дамыды. Қазақстанға келген ең алғашқы қытайлық инвесторлардың бірі CNPC болды, оған 1997 жылы «Ақтөбемұнайгаз» АҚ акциясының 60,3% сатылған болатын. Бұл келісімнен кейін қазақстандық компания «CNPC-Ақтөбемұнайгаз» БК айналды, ал 2003 жылы мамырда қытайлық тарапқа осы компания акциясының қалған мемлекеттік пакеті (Жаңажол мен Кеңқияқтағы кен орындарын өңдеуші) сатылды. 2004 жылы Sinopac Group Солтүстік кен орындарында бірнеше блоктарға ие американдық FIOC (First International Oil Company) компаниясын сатып алды. Кейіннен, CNPC канадалық PetroKazakhstan-ды 4,2 млрд. \$-ға сатып алды. 2006 жылы желтоқсанда қытайлық CITIC Group Nations Energy компаниясын және оның 400 млн. т запасқа ие Қаржанбас кен орынын игеруші қазақстандық активі «ҚаржанбасМұнай» компаниясына ие болды.

Осылайша, елімізде Қытайлық мұнай-газ бизнесінің өкілдігі елеулі түрде нығайды, және Қытайдың Қазақстанның энергетикалық активтеріне деген инвестициялық мүдделеріне ғаламдық экономикалық дағдарыс өз әсерін тигізе алмайды.

Экономикалық дағдарысқа қарамай өсіп келе жатқан Қытай экономикасы энергия ресурстарының жетіспеушілігін сезінуде. Нәтижесінде, Қытайдың энергетикалық нарығында мұнай мен газды тұтынудың өсімі минимумға дейін төмендеді. 2005 жылы 49,3 млрд. текше метр газ өндірілді, ал 2007 жылы бұл көрсеткіш 69,3 млрд. текше метрді құрады, яғни 20 млрд. текше метрге ұлғайған, газ тұтыну да шамамен сонша көлемде өсті – 46.8 млрд. текше метрден 67,3 млрд. текше метрге дейін.

Қытай Орталық Азия елдеріндегі энергетикалық секторда өз мүдделерін белсенді түрде алға жылжытуды жалғастыруда. Қытай экономикасы мұнай мен газ жетіспеушілігіне байланысты, белгілі бір дәрежеде Қазақстанмен және Орталық Азиядағы энергетикалық ресурстарға ие бірқатар республикалармен қарым-қатынасы жағдайына тәуелді.

2006 жылы жаһандық маңызды екі ірі жобаны іске асыру туралы келісім жоғары деңгейде өтті. Бірінші ірі жоба - Қазақстан-Қытай ірі мұнай құбырының құрылысы және оның екінші кезеңі - Каспий теңізін Батыс Қытаймен байланыстыратын автожолдың соңғы учаскесі. Екінші ірі жоба - Орталық Азия елдерін Қытаймен, атап айтқанда, Қазақстан мен Қытайды байланыстыратын газ құбырын салу.

Қытай тарапының инвестициялық салымдарының 70% мұнай-газ секторына бағытталған. Қытай Қазақстанның мұнай және газ көздеріне қол жеткізе отырып, энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тырысады [2].

Сондай-ақ, оның дамуы мен уақытын талап ететін идея бар - бұл энергетикалық клубтың құрылуы. Осылайша, ұйымға және оның мүше-мемлекеттеріне қолдау көрсету мақсатында Қытай дағдарысты еңсеру үшін елдерге 10 млрд. доллар несие бөледі.

Осы тұрғыда, жүзеге асырылып жатқан екі жобаны қоса алғанда, барлық үш идея энергетикалық ынтымақтастық саласындағы ең перспективалы болып саналады, олардың өзара әрекеттестігі өте қарқынды дамып келеді.

Қазақстан-Қытай мұнай құбыры. Сыртқы нарыққа энергия ресурстарын жеткізу және төлемге қабілетті елдермен серіктес болу Қазақстан үшін өте маңызды мәселе болып табылады, олардың ішінде Қытай Халық Республикасының тарапынан тартымды ұсыныстардың саны көп. Бұл мәселені шешу шикізат пен экспортты энергиямен жабдықтаудың одан кейінгі болашағымен тікелей байланысты. Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайында барлық дерлік елдер ЖІӨ-нің төмендеуінің ең аз көрсеткішін көрсетуге және әлеуметтік тұрақсыздық деңгейін төмендетуге әкелетін ең тиімді жобаларды ұсынуға тырысуда.

5 Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты <http://www.mfa.kz/kz/content-view/sotrudnichestvo-respubliki-kazakhstan-s-kitajskoj-narodnoj-respublikoj> (қаралған уақыт: 7.08.2018)

XXI ғасырдың басынан бері мұнай-газ секторындағы жобаларды іске асырудағы ынтымақтастықарқынды дамып келеді. 2005 жылдың 15 желтоқсанында Атасу-Алашанькоу учаскесінде Қазақстан-Қытай мұнай құбырының құрылысы бойынша жұмыстар аяқталды. 2006 жылы Қазақстан Каспий жағалауынан Қытайдың шығыс провинцияларына жылына 20 млн. т мұнай тасымалдайтын мұнай құбыры іске қосылды. Бұл қазақ-қытай жобасы оның күрделі тарихына қарамастан, екі ел арасындағы ынтымақтастықтың басты жетістігі болды және олардың ауқымды энергетикалық ынтымақтастығының кепілі деп санауға болады.

2007 жылы «Атасу-Алашанькоу» магистральдық мұнай құбырын іске қосу бойынша серіктестік туралы Келісімге қол қойылды және 2004 жылы 17 мамырда екі ел үкіметтері арасындағы мұнай-газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы негіздемелік келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, одан әрі пайдалану туралы хаттама бекітілді. Қазақстан мен Қытай энергетикалық ынтымақтастығы жаңа даму кезеңіне өтті.

Трансшекаралық газ құбыры жобасы: Түркменстан-Қазақстан-Қытай. 2007 жылдың тамызында Қазақстан мен Қытай басшылары Түркменстаннан Қытайға табиғи газды тасымалдау үшін құбырларды салу туралы келісімге қол қойды.

Қытайға Өзбекстан мен Қазақстан арқылы Түркменстаннан тартылатын халықаралық газ құбыры құрылысы жөніндегі келісім жасалды. 2007 жылдардың ортасында 4 мемлекеттің аумағында жалпы қашықтығы 7000 шақырым бойынша осы жобаны нақты жүзеге асыруы басталды [3].

Еске сала кетейік, Қазақстан мен Қытай арасындағы газ келісімі Қытай мен Түркменстан арасындағы келісімнің қосымшасына айналды. Бұл келісім бойынша, Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы (CNPC) мен «Түркменгаз» 30 жыл бойы жыл сайын Қытайға 30 текше метрге дейін түрікмен газын жеткізу туралы келісімге келді. Сондай-ақ ҚХР мен Түркменстан 2009 жылы 17 шілдеде Түрікменстандағы табиғи газ кен орындарының бірін әзірлеу кезінде өнімді бөлу туралы келісім жасасты.

Бұл «Азия газ құбыры» ЖШС жүзеге асыратын Қазақстандағы ең ірі халықаралық жобалардың бірі. Жобаны «ҚазМұнайГаз» ҰК және CNPC Қытай мұнай компаниясы бірлесіп іске асыруда. Жоба мердігерлері Қазақстан, Үндістан, Германия, Ұлыбритания, Украина, Ресей және басқа да елдердің 11 филиалдарында жұмыс істейтін, «СРР-Қазақстан», «ҚазҚұрылысСервис» АҚ ҰМҚК компаниялар тобының мамандары болып табылады.

2009 жылдың шілдесінде бірінші желі бойынша (Алматы облысы Талғар ауданының Еламан кентінде) дәнекерлеу жұмыстарының аяқталуына орай ресми іс-шара өтті. 2009 жылдың соңына қарай «Азиялық газ құбыры» ЖШС пайдалануға дайындық кезеңін аяқтады және бірінші «Қазақстан-Қытай» құбыры арқылы Қытайға түркмен газын тасымалдауға тікелей кірісті. Қазақстан аумағында газ құбырын іске қосқаннан кейін шамамен 400 отандық маман жұмыспен қамтылып, қызмет көрсетті.

2003 жылдың наурызында АҚШ-тың «Ирак компаниясы» басталып, Таяу Шығыстан мұнай импорттаушы ҚХР-ның энергетикалық қауіпсіздігіне қауіп төндіре бастады. Сондықтан Қытайдың Қазақстанның энергетикалық нарығына белсенуін АҚШ Иракқа өтемақы ретінде қолдады. Қазақстан-Қытай энергетикалық ынтымақтастығын жандандырудың тағы бір алғышарты – Қытайдың энергетикалық ресурстардың жеткіліксіздігін аса сезіне бастауы болды. Бұл кезеңде Қытайдың жаңа энергетикалық стратегиясы анық көрсетілген: ол сыртқы энергетикалық активтерді құруды көздейді. Қазіргі таңда Қазақстанда CNPC (Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы), Sinopec (Қытай мұнай-химия корпорациясы), SINOOC (Қытай ұлттық теңіз мұнай компаниясы) сияқты ірі қытайлық мұнай-газ компаниялары бар. Оларға «Солтүстік Бозашы Оперейтинг», «Айдан CNPC Мұнай», «ПетроҚазақстан», «FIOK», «Aktobemunaugaz-CNPC» сияқты кәсіпорындардың

акциялары тиесілі, яғни Қытай Маңғыстау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарындағы мұнай кен орындарын игереді деген сөз.

2003 жылдан бастап энергетикалық ынтымақтастық Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының кеңеюін тереңдетудің катализаторына айналды. Қытайлық энергетикалық корпорациялар қаржылай қолдау көрсете бастады және білім беру саласына, мәдени және әлеуметтік жобаларға гранттар бөлді. Алайда Қазақстанның Қытайдың мұнай-газ секторында мұндай теңгерімсіз қатысуы экономикалық және саяси тәуелділікке, демократиялық қысымның орын алуына қауіп төндіреді [4].

Сонымен бірге, Қазақстан Қытайды отандық көмірсутегі шикізатының әлеуетті нарығы ретінде түпкілікті қабылдап, бұл мемлекеттің сыртқы энергетикалық саясатының іске асырылуына сәйкес келді. Әртараптандырылған энергетикалық саясатты жүзеге асыруға назар аудара отырып, Қазақстан Қытаймен ынтымақтастықты дамыту арқылы жетекші энергетикалық нарыққа шығу перспективасымен жетекші альтернативті экспорт бағытын қалыптастырды. Бұл жалпы екі жақты экономикалық ынтымақтастықты тереңдетумен қатар жүреді.

Каспий қайраңындағы ауқымды көмірсутек ресурстарының арқасында Қазақстан 2015 жылдан бастап 25-30 жылға дейін жылына 110 млн. т мұнай өндіруді жоспарлап отыр. Салыстыру үшін мысал келтірер болсақ: 2010 жылы 67 млн. т мұнай мен газ конденсатын өндірді, ал 2011 жылы - 40,1 млн. т ғана. 2017-18 жылға қарай Қазақстан әлемдегі ең ірі көмірсутек экспорттаушы елдердің тізіміне кіруді жоспарлаған болатын, ал республика халықаралық энергетикалық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге толық жауап береді.

2020 жылға дейін Қытай әлемдегі ең ірі мұнай импортері бола алады, әсіресе қазіргі таңдағы экономикалық өсудің өте жоғары қарқынын сақтаған жағдайда. Осы уақытқа қарай Қытай экономикасының мұнайға деген қажеттілігі 450-500 млн. т жетуі мүмкін. Әлемдік экономикалық дағдарыстың әсерінен экономикалық өсім қарқынының төмендеуі, сондай-ақ көмірсутегі шикізатының импортының төмендеуі – ол уақытша құбылыс.

2007 жылдың қарашасында Астанада «ҚазМұнайГаз» ҰК мен CNPC арасында Қазақстан-Қытай газ құбырының қазақстандық бөлігін салу және пайдаланудың негізгі принциптері туралы келісім жасалды, ол екі кезеңде жүзеге асырылатын болды. Газ құбырының бірінші учаскесі - Өзбекстан мен Қазақстан шекарасынан Қазақстан және ҚХР шекарасына дейін 1333 км. созылатын және жылына 40 млрд. текше метр өткізу қабілеті бар құбыр. Ал сыйымдылығы жылына 10 млрд. текше метр және ұзақтығы 1480 км болатын екінші учаске «Бейнеу-Шымкент» құрылысы экономикалық бағалау арқылы оның жарамдылығын көрсеткен кезде жүзеге асырылды. Қазіргі уақытта бұл жоба арқылы Қазақстан мен Қытай арасында құбыр «көпір» орнатылды. Нәтижесінде, мұнай экспортының Қытайлық бағыты дәстүрлі еуропалық бағытқа теңдестірілген баламалы нұсқаларды ұсынып, Қазақстанның энергетикалық басымдықтарда өз маңыздылығын арттырды [5].

2008 жылдың тамызында Ху Цзиньтаоның Қазақстанға жасаған сапары барысында Ата-су-Алашанькоу мұнай құбырын екінші кезеңін салу арқылы кеңейту туралы келісімге қол қойылды. Осы жоба арқылы құбырдың өткізу қабілеттілігі 10 млн. т-дан 20 млн. т-ға дейін артыру көзделді. Бұған қоса, Қазақстанның қатысуымен Түркменстан-Қытай халықаралық газ құбыры басталды. 2007 жылдың ортасында жалпы ұзындығы 7 мың км болатын төрт мемлекеттің (Түркменстан, Өзбекстан, Қазақстан және Қытай) аумағында осы жобаны іс жүзінде жүзеге асыру басталды.

Екі елдің мұнай-газ байланысы зор болашаққа ие екендігін айта кету керек. Себебі, ҚХР-ның сыртқы экономикалық стратегиясында Орталық Азия үлкен энергетикалық және транзиттік әлеуетке ие аймақ ретінде қарастырылады.

Оған қоса, соңғы жылдары, Қазақстан мен Қытай арасындағы ядролық энергетика саласындағы ынтымақтастық импульске ие болып отыр. Біз Қытайдың ТҮК-ның өз АЭС үшін қазақстандық уран сатып алуы туралы айтып отырмыз.

«Қазатомөнеркәсіп» қазақстандық компаниясы Қытайдағы атом электр станцияларының құрылысына қатысады. Онымен бірге, «Қазатомөнеркәсіп» Қытай атом электр станцияларына ядролық отын жеткізеді және қытайлық компаниялармен бірлесіп қазақстандық Иіркөл, Семізбай және Жалпақ мұнай кеніштерінде уран кенін өндіреді. Бұл үшін, «Қазатомөнеркәсіп», Қытай Гуандун ядролық-энергетикалық корпорациясының (CGNPC) және China National Nuclear Corp (CNNC) Қытай атом электр компанияларымен бірлескен кәсіпорын құрды. 2030 жылға дейін Қытай шамамен 120 атом электр станциясын салуды көздеп отыр. 2007 жылдың қазан айында Қазатомөнеркәсіп пен CGNPC арасында бірлескен кәсіпорын құру және «Қазатомөнеркәсіптің» Қытайдың атом энергетикасына инвестиция салу арқылы уран қорларын бірлесіп дамыту туралы екі меморандумға қол қойылды.

Бүкіләлемдік ядролық қауымдастықтың мәліметтері бойынша бүгінгі таңда Қытайда 14 реактор жұмыс істейді, 27 реактордың құрылысы жүріп жатыр, 2030 жылға қарай электр энергиясын өндіруде атом электр станцияларының үлесін 5% -ға дейін арттыру, олардың қуатын 4 есе арттыру жоспарлануда. Ең алдымен, Қытай үкіметі атом электр станцияларында өндірілетін электр энергиясын көбейтуді жалғастырады, өйткені 5 пайыздық көрсеткіш, әсіресе құрылыстағы жаңа реакторлардың санын ескере отырып, тым әсерлі емес.

Осы міндеттерді іске асыру мақсатында 2005 жылы Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік кеңесі атом электр станцияларының белгіленген қуатын 42 ГВт-қа дейін ұлғайтуды көздейтін «Атом энергиясын дамытудың орта мерзімді және ұзақ мерзімді даму бағдарламасын (2005-2020)» қабылдады.

Қазақстандағы дәлелденген қорлар мен жыл сайынғы уран өндірісі Қытайдың ғана емес, сондай-ақ басқа да ірі уран шикізатын импорттаушылардың да қызығушылығын тудырады. Атап айтар болсақ, Дүниежүзілік ядролық қауымдастықтың (WNA) мәліметтері бойынша Қазақстан уран қорлары бойынша әлемде екінші орында тұр. Ал жыл сайын өндірілетін уран көлемі бойынша Қазақстан планетада жетекші орын алады. 2012 жылы ел 21 317 тонна көлемінде уран өндірді. Осылайша, «Қазатомөнеркәсіп» баяндамасына сәйкес, Қазақстан әлемдік уран кен өндіру өнеркәсібінде көшбасшылық дәрежесін сақтап қалды және деректер бойынша, әлемдік уран өндіру көлемі 55,7 мың т құрады, шамамен әлемдік уран өндірісінің 38% қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, Қазақстан, кез-келген экспорттаушы сияқты, өз нарығында сенімді және төлемге қабілетті серіктестің келуіне мүдделі, ал Қытай Қазақстан уранының сенімді серіктесі мен сатып алушысының рөліне өте лайықты. Қазақстанның Қытаймен арадағы ядролық энергетика саласындағы ынтымақтастығы, негізінен, Аспан асты еліне уран экспорттауға негізделген. Екіжақты ынтымақтастықтың қысқа мерзімінде Қытай Қазақстандық шикізаттың негізгі импортерына айналды.

Ядролық энергетика саласындағы қазақ-қытай қатынастары 2004 жылы «Қазатомөнеркәсіп» және Қытай Ұлттық қоры корпорациясы арасындағы 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған бірлескен уран өндіру және қайта өңдеу бойынша келісімге қол қойылған кезден бастау алады. Осылайша, келісім негізінде, тараптар 2020 жылға дейін Қазақстан Қытайға 24,2 мың т уран тасымалдайды деп уағдаласты. Сонымен қатар, 2009 жылдың сәуірінде Қытай мен Қазақстан Республикасы Қытайлық тараптың талабы бойынша, Иркөл кен орнында уранды шығаратын, «Семізбай-У» бірлескен кәсіпорнын құрды. Бүгінгі күні Қытай уран импорттаушылар арасында бірінші орынды иеленеді.

Сонымен қатар, Қазатомөнеркәсіп пен CGNPC 2009 жылдың 29 сәуірінде Қытайда атом электр станцияларын салу бойынша бірлескен кәсіпорын құру туралы меморандумға қол қойды.

Әділдік үшін, барлығы бір қарағандағыдай мінсіз емес екендігін айта кеткен жөн. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының ядролық саладағы ынтымақтастығының перспективалары қарастыруда келесі нюанстарды атап өтпеу мүмкін емес. Қол қойылған келісімдерге қарамастан, іс жүзінде ынтымақтастық кейбір кедергілерге тап болады. Мысалы, қытайлық тарап Қазақстан аумағында ірі кен орындарына қол жеткізуге деген ұмтылысын жасырмайды. Пекиннің ниеті анық: Қытайлық ядролық ТҰК Қазақстанда уран өндіретін болса, олар оны төмен бағамен алып шығу мүмкіндігіне ие болады. Ал Қазақстан мен Қытайдың бірлескен «Семізбай» кәсіпорнының жобалық қуаты жылына 500 т. ғана құрайды.

Тұтастай алғанда, Қазақстан өз алдына зор мақсаттар қояды. Астана шикізат серіктестердің уран қажеттіліктерін қанағаттандырумен қатар, бейбіт атомды пайдалану мүмкіндіктерін игеріп, ұлттық экономиканың жаңа жоғары технологиялық салаларын құру және ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетін нығайту мақсатына ұмтылады. Сонымен қатар біздің республикамыздағы басшылық өз аумағында атом электр станциясын салу туралы саяси шешім қабылдады. Осы тұрғыда, Қазақстан басқа да ірі державалармен, ең алдымен, Ресей, Оңтүстік Корея, Америка Құрама Штаттары мен Франция мемлекеттерімен ынтымақтастықты кеңейтуге ниетті [6].

Өз кезегінде, Қазақстан Қытайға жоғары дәрежедегі өнімдерді жоғары құнмен өткізуге қызығушылық танытады. 2011 жылы Қазақстанға уран диоксидінен отын таблеткаларын жеткізу құқығын беретін келісімге қол қойылды.

Сонымен қатар, басқа елдердің қазақстандық шикізатты сатып алуға мүдделі екенін ескеру қажет. Бұл ең алдымен уран қорлары бойынша әлемде үшінші орынға ие болғысы келетін, бірақ географиялық жағдайларға байланысты елеулі өндірістік қиындықтарға тап болған – Ресей. Бұл, өз кезегінде, Ресей басшыларын шетелден шикізаттың белгілі бір мөлшерін импорттауға мәжбүрлейді. Бұдан шығар қорытынды, Қазақстандық уранға қол жеткізу үшін, ресейлік және қытайлық ядролық ТҰК арасындағы бәсекелестік өршуі әбден мүмкін.

Энергетикалық ынтымақтастық Орталық Азияның жалпы дамуына, сондай-ақ аймақтағы биліктің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Сондай-ақ, Қытайдың Орталық Азиядағы қатысуын жандандыру Қазақстанда көпвекторлық саясатты дамыту үшін тиісті мүмкіндіктер туғызады. Сонымен қатар, екі елдің экономикалық дамуындағы қызығушылықтардың алшақтығы да сезіледі, ал ол, өз кезегінде, болашақта бірқатар қауіп төндіруі мүмкін. Бұл қауіптің қатарына «ресурстық қарғыс» факторы, Қазақстанда Пекиннің инвестициялық саясатына байланысты үстемдік етуі, Қазақстанда, сондай-ақ Орталық Азияда ықпалын жоғалтудан қауіптенетін Ресей, АҚШ және ЕО наразылығын тудыруы мүмкін.

Қытай сарапшылары Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы энергетика саласындағы ынтымақтастық саяси кепілдіктер негізінде жоғары деңгейге қол жеткізілгендігін атап көрсетеді. Тиісті келісімге Қытай басшылығымен Қазақстан, Өзбекстан және Түркіменстан қол қойды. Ол 3 бағыт бойынша жүзеге асырылады: мұнай мен газды өндіру және дамыту, құбырларды салу және энергетикалық ресурстарды өңдеу саласы.

Қытай тақтатас газын барлау мен өндіруге арналған базаны дайындау үстінде, әсіресе ол оның қоры 47 млрд т болатын Өзбекстанға бағытталған [7].

2009 жылы Аспанасты елі Ресей, Бразилия, Қазақстан, Венесуэла және Түркіменстанмен құны 60 млрд \$ болатын мұнай жеткізу жөніндегі бірқатар келісімдерге қол қойды. Осы келісімшарттардың негізінде Қытай жылына 600 млн. т мұнайды қажет ететін болады,

қытай импорты жылына 75 млрд. өседі. Көптеген сарапшылардың пікірінше, Қытайдың экономикалық болашағы оның энергетикалық проблемаларды шешуге қабілеттілігіне байланысты болмақ. 2020 жылға қарай Қытайға жылына 600 млн. қажет болады, бұл елде жобаланған өндірістің үш еседен астамын құрайды, ал 2030 жылға қарай Қытай импортталған мұнайдың АҚШ-мен тең көлеміне тең болады және мұнай импортына тәуелділігі 80 пайызға дейін өседі [8].

Ең белсенді экономикалық ынтымақтастық саласы әлі де энергетика болып табылады. Осылайша. 2012 жылы Атасу-Алашанькоу мұнай құбыры арқылы Қытайға қазақстандық мұнайды экспорттау көлемі 11 млн. т құрады, ал Қазақстан-Қытай газ құбырының бірінші учаскесінің бірінші және екінші жолдары арқылы 42 млрд. текше метрден астам транзиттік газ тасымалдады. Қытай Қазақстандағы ірі инвесторлардың бірі және сауда-экономикалық әріптесі болып табылады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәліметі бойынша, 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қытайдың Қазақстанға салынған инвестициялары 18,9 млрд. \$ құрады [9, 6 б.].

ҚР ИДМ мен ҚХР Даму және реформа жөніндегі мемлекеттік комитеті арасындағы 10-отырыстың қорытындысы бойынша (2016 жылы 29 қыркүйек) автокөлік жасау, ауыл шаруашылығы, химия, тау-кен рудасы, мұнай және газ, құрылыс, металлургия, жеңіл өнеркәсіп, минералды тыңайтқыштарды шығару, энергетика және логистика, жаңа технологиялар салаларында жалпы құны 26 млрд. долларды құрайтын 51 инвест жобалардан тұратын тізім бекітілді.

2016 жылдың 31 маусымға дейін ҚР Қытайға 3,24 млрд. долл. көлемінде инвестиция жасады, оның 178,1 млн. тікелей, 110,7 млн. қоржындық, 2,95 млрд. долл. басқа да инвестициялар. 2015 жылы ҚР тікелей инвестициясы 46,3 млн. долл., 2016 жылдың 1-жартысында 27,5 млн. долларын құрады. Ал осы жылғы мәдіметтерге көз жүгіртетін болсақ, 2017 жылы 31 наурыздағы ҚР Ұлттық банк мәліметі бойынша Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы инвестиция көлемі 15,2 млрд долл. құраған. ҚХР-дың Қазақстандағы инвестициясының басты бағыттарын транспорт, қаржы, сақтандыру қызметі, мұнай-газ, құрылыс салалары құрайды. Ал Қазақстанның Қытайдағы инвестициясының жалпы көлемі 3,58 млрд. долл. құрады.

Газ құбырларын дамыту жобалары бойынша Қазақстан-Қытай қуатын ұлғайту үшін ұзындығы 1 308 км, өткізу қабілеті жылына 25 млрд. м³ дейін магистральдық газ құбырын салу көзделген. Жобаны іске асыру мерзімі 2012-2017 жылдар аралығын қамтиды. 2017 жылғы 5 ақпандағы жағдай бойынша газ құбыры іске қосылған күннен бастап 21 млрд.м³ тасымалданды [10].

Энергетика саласындағы ынтымақтастық тек табиғи қорларды барлау мен өндіруді ғана емес, сондай-ақ оларды өңдеп шығару мен жеткізу міндетін атқара отырып, технологияларды алмастыруды қамтуы мүмкін. Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін жеткізіп қана қоймай, сонымен қатар өнімдерді терең өңдеуге арналған кәсіпорындарды құру мүмкін болады. Энергетика саласы, меніңше, өзара тиімді ынтымақтастық саласы болып табылады. Көлік және коммуникация, сондай-ақ энергетика салалары көпжақты ынтымақтастық тұрғысынан басымдық болуы мүмкін. Біз Еуразия кеңістігінде Энергия клубын құру туралы ұсынысты зерттеп жатырмыз. Бірінші кезеңде қатысушы елдердің әрқайсысының позицияларын үйлестіру және бірыңғай энергетикалық стратегияны әзірлеу қажет. Қазірдің өзінде Қазақстан, Қытай және Ресей Түрікмен газын өндіру және тасымалдау бойынша бірлескен жобаны жүзеге асыра алады [11].

Егер 2001 жылы Қазақстан 40,1 млн тонна мұнай өндірсе, 2006 жылы, - 65 млн. тонна немесе 62,5% көп. Мұнай экспорты тиісінше 32,4 млн. Тоннадан 54,6 млн тоннаға немесе 68,5% -ға дейін өсті. 2007 жылы ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің деректері бойынша мұнай өндіру 67,2 млн. тоннаны құрады, оның 60,6 млн тоннасы немесе

90,2% экспортталды. Ішкі нарықтағы тұтыну 12,9 млн. тоннаны құрады, оның ішінде Ресейден Шымкентке және Павлодар мұнай өндіруші зауыттарға импортталған 6,3 млн. тонна. 2010 жылы Қазақстан мұнай өндіруді жылына 100 млн. тоннаға дейін және 2015 жылы 150 млн. тоннаға дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Халықаралық рейтинг агенттігі FitchRatings арнайы есебінде Қазақстанның мұнай-газ секторында айтарлықтай өсу күтілуде. Мұнай өндіру көлемі 2007-2015 жылдардағы жиынтық жылдық 5,7% өседі. 2015 жылы тәулігіне 2,3 млн. баррельге дейін жеткізіледі, бұл Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған кен орындарының негізгі кен орындарында өндіріс көлемінің артуымен қамтамасыз етіледі. 2017 жылы Қазақстан әлемдегі ең ірі көмірсутек экспорттаушы елдердің тізіміне кіруді жоспарлап отыр, ал республика халықаралық энергетикалық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге толық жауап береді.

Осылайша, екі елдің энергетикалық ынтымақтастығы стратегиялық перспективаға ие деп айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Кабиденев М. ҚР мен ҚХР арасындағы экономикалық әріптестіктің мәселелері мен болашағы // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». -2018.-№ 2. -URL: <http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/250> (қаралған уақыт: 15.08.2018)
2. Әліпбаев А.Р., Курманов Е.Ф. Қазақстан мен Қытай арасындағы энергетикалық ынтымақтастық: мәселелері мен болашағы // ҚазҰУ Хабаршысы -2014. - №5.- С.25-28. -URL: <https://articlekz.com/kk/article/17273> (қаралған уақыт: 18.08.2018)
4. Альпиев Д.А. Транспортно-транзитные и энергетические проекты в отношениях между Казахстаном и Китаем. // Вестник КазНУ им. Ал-Фараби, Сер.МОМПИ - 2009. - №7. - С. 4-5. -URL: <http://articlekz.com/node/2598> (қаралған уақыт: 28.08.2018)
У иностранцев, работающих с японскими деловыми партнерами, проблемы в понимании могут возникнуть и в процессе составления и подписания контрактов, письменных соглашений между двумя сторонами. Для японцев контракты – это скорее формализация существующих отношений, а не подробная инструкция, которую нужно выполнять в точности. То есть, в Японии подписание письменного контракта не означает окончания переговоров, поскольку японцы считают, что обстоятельства могут меняться (джиджоухэнкоу), а конкретные условия контрактов теряют силу, если обстоятельства меняются. В таких случаях контракт должен быть адаптирован к изменениям для достижения взаимодополняющих результатов и поддержки долгосрочных отношений (нагайтсукай) [10, 11 стр.].

Проанализировав роль японского менталитета в бизнесе и менеджменте Японии, мы пришли к выводу о том, что каждая группа характерных черт национального характера японцев в той или иной мере оказала влияние на бизнес-отношения и способы делового управления в этой стране (Таблица 2).

Таблица 2 - Влияние особенностей национального характера японцев на бизнес и менеджмент в Японии

Общественные черты	Трудолюбие, любовь к эстетике, бережное отношение к традициям и культурному наследию прошлого, этноцентризм, практицизм	Серьезное отношение к работе; конкретное мышление, основанное на прошлом опыте;
Черты группового поведения	Дисциплинированность, преданность авторитету, чувство долга	Коллективное мышление на работе; беспрекословное подчинение начальнику; выполнение всех должностных обязанностей без нарушения правил и норм

Обыденно - житейские черты	Самообладание, бережливость, терпеливость, аккуратность, вежливость, любознательность	Строгое соблюдение правил и норм; вежливая форма общения с коллегами; аккуратность в исполнении своей работы.
----------------------------	---	---

Примечание: составлено автором.

Всем известно, что трудолюбие японского народа сильно отражается на поведении японцев на работе. Японцы готовы на большие жертвы ради своей работы и стараются выполнять ее на высоком уровне. Для них работа всегда ставится выше личных интересов, развлечений и отдыха. Иногда такой фанатизм может обернуться весьма неприятными последствиями как кароси(смерть от переработки). Япония является одной из немногих стран, где люди умирают от стресса, инфаркта или инсульта, которые стали результатом переработки [8, 5 стр.].

В процессе работы японцы предпочитают конкретику. Выполняя какое-либо задание, они опираются на прошлый опыт. Причиной тому послужило отсутствие абстрактного мышления у японцев, о котором мы уже писали выше.

Коллективное мышление оказало сильное влияние на все формы межличностных отношений, в том числе на отношения между деловыми партнерами. Как уже упоминалось, японцы больше ориентированы на предпочтения общества, нежели на собственные желания. Поэтому они стремятся не нарушать правила и нормы на работе и сохранять хорошие отношения с коллегами и начальством. Кроме того, японцы считают, что они несут большую ответственность перед своими коллегами и другими членами общества. Отсюда и серьезное отношение к работе, аккуратность при ее выполнении. Коллективное мышление также стало толчком к появлению системы пожизненного найма работников в японской бизнес-среде. То есть, отношения между предприятиями и их сотрудниками напоминают отношения между родителями и детьми[6, 86 стр.].

Многие историки, как Одака считают, что коллективизм появился еще в период Эдо (1602-1860) в деревнях, где выращивали рис. Поскольку выращивание риса требовало колоссальных усилий, жители деревень работали в группах и поддерживали друг-друга, уважали старших. Постепенно методы ведения хозяйства на рисовых плантациях начали применяться в функционировании торговых домов. В торговых домах существовали кодексы поведения, в которых содержались конкретные правила касательно пожизненного найма, порядка старшинства и коллективного поведения. Также практиковалась система профессионального обучения, по которой молодые работники получали возможность обучения и продвижения по карьерной лестнице. Эти методы переняли бизнес-организации в конце XIX века, когда в Японии шел процесс индустриализации и урбанизации. Таким образом, менталитет японцев периода Эдо дошел до наших дней и укоренился не только в общественных отношениях, но и в японском менеджменте [1, 117 стр.].

Преданность японцев авторитету привела к тому, что они всегда беспрекословно выполняют все указания начальника или вышестоящего должностного лица. Тут сыграла роль и такая черта характера японского народа как вежливость. Японцы стараются не портить отношения с начальством и коллегами и используют вежливую форму общения на работе. В любой сложной ситуации они стремятся к самообладанию и спокойствию. Пытаются принимать вещи такими, какие они есть. В бизнесе это отражается на характере ведения переговоров японцами.

В заключение можно сказать, что существуют определенные культурные ценности и особенности национального характера японцев, которые влияют на характер делового управления в Японии. Ключевые черты характера японцев делятся на три группы:

общезначеские, черты группового поведения, обыденно-жизненные. Они были сформированы под влиянием географических, исторических, религиозных, культурных и др. факторов. Стоит отметить, что для ведения бизнеса в Японии иностранцам следует взять во внимание следующие японские культурные ценности: самоконтроль и самодисциплина; гармония между членами группы; значимость обстоятельств, тишины, межличностных отношений; стремление к совершенству; принятие неизбежных случаев; членство в группе или сотрудничество внутри него; сохранение своей чести перед обществом; важность соответствия социальным нормам. Японцы стараются сначала установить неофициальные отношения с деловыми партнерами для того, чтобы в дальнейшем облегчить процесс переговоров и быстро решать конфликты. Для сохранения хороших отношений с противоположной стороной японцы используют вежливую форму общения, скрывают свои истинные чувства и намерения, а также ведут себя в соответствии с социальными нормами. Японцы ценят сам процесс переговоров и стремятся к тому, чтобы каждый участник почувствовал свою важность в принятии решений. Для них контракт – это не более чем формализация существующих отношений, и японцы не требуют строгого следования всем пунктам договора. Если меняются обстоятельства, меняется и контракт. Все эти особенности японской бизнес-среды были сформированы под влиянием тех или иных черт национального характера японцев. Например, если трудолюбие, аккуратность, чувство долга повлияли на серьезное отношение японцев к своей работе, то коллективизм, преданность авторитету, вежливость и самообладание стали причиной позитивной атмосферы в отношениях с коллегами и начальством.

Список литературы

1. Firkola P. Japanese Management Practices: Past and Present // Economic Journal of Hokkaido University. – 2006. – Vol. 35. – Pp. 115-130.
2. Тэцудо Т. Душа японца // «Восточное обозрение». – 1939. - №1. – С. 72.
3. Caudill W. The Study of Japanese Personality and Behavior // Rice University Studies. – 1970. – No 4. – Pp. 37-52.
4. Пронников В. А. Японцы / В. А. Пронников, И. Д. Ладанов. – М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1985. – 348 с.
5. Wagatsuma H. Study of Personality and Behavior in Japanese Society and Culture // Rice University Studies. – 1970. – No 4. – Pp. 53-63.
6. Корчагина А. С. Японский менеджмент. – Москва: ЛитРес, 2017. – 88 с.
7. Garcia G. Japanese Cultural Traditions and International Business / ed. by B. Christensen and J. Koeman // Nationalism, Cultural Indoctrination, and Economic Prosperity in the Digital Age. – Hershey: IGI Global, 2015. –106-126 p.
8. Franklin S. Japanese Business Culture: A Study on Foreigner Integration and Social Inclusion. – Richmond: Eastern Kentucky University, 2017. – 42 p.
9. Иногути Т. Политическая культура Японии // Ежегодник Япония. –2017.– С. 76-96.
10. Garcia G. Japanese cultural values in business relationships // Elcano Royal Institute. – 2015. – P. 12
11. Chang L. Ch. A Study on Japanese Culture and Styles of Business Negotiation // Semantic Scholar. – 2011. –P. 6

Ж. И. Испердинова

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Жапон бизнесі мен менеджментіндегі менталитеттің алатын рөлі

Аннотация. Жапониядағы бизнес пен менеджментке әсер беретін жапондықтардың ұлттық мінез-құлқының ерекшеліктері бар. Бұл мақаланың мақсаты ұлттық мінез-құлықтың осы ерекшеліктерінің бизнес-орта мен бизнесті басқаруға ықпалын зерттеу болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін автор жапон менеджментінің тарихи тамырларын, жапондықтардың ұлттық мінез-құлқының негізгі ерекшеліктерін және олардың қалыптасу факторларын қарастырды. Жапондық ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерін үш топқа бөлуге болады: жалпы этникалық ерекшеліктер, топтық мінез-құлық ерекшеліктері, күнделікті тіршілік қасиеттері. Сонымен қатар, автор бизнес-мәдениет сияқты тұжырымдаманың мәнін ашып, іскерлік қарым-қатынастың, тікелей жанжалдар мен келіспеушіліктерді болдырмаудың және келісімшарттың маңыздылығы сияқты жапон бизнесінің негізгі сипаттамаларын атап өтті. Талдау нәтижесінде Жапонияда жапон менталитеті мен бизнес-мәдениеттің арасындағы байланыс анықталды.

Түйін сөздер: діл, ұлттық мінез-құлық, жапондықтар, Жапония, мәдениет, мәдени құндылықтар, бизнес, менеджмент.

Zh. I. Isperdinova

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The role of mindset in Japanese business and management

Abstract: There are features of the national character of Japanese people, which can affect business and management in Japan. The purpose of this study is to analyze the impact of these features of the national character on the business environment and business management. To achieve this purpose, the author examined the historical roots of Japanese management, the main features of the national character of Japanese people, as well as the factors of their formation. The traits of Japanese national character can be divided into three groups: common ethnic characteristics, characteristics of group behavior, characteristics in everyday life. In addition, the author defined a concept of business culture and described the main characteristics of the Japanese way of doing business, such as the importance of interpersonal relationships, avoiding direct conflicts and disputes and the meaning of contracts. As a result of the analysis, we can see the connection between the features of the Japanese mentality and the business culture in Japan.

Key words: mentality, national character, Japanese, Japan, culture, cultural values, business, management.

References

1. Firkola P. Japanese Management Practices: Past and Present, *Economic Journal of Hokkaido University*, **35**, 115-130 (2006).
2. Tjecudo T. Dusha japonca [Japanese Soul], *Vostochnoe obozrenie [East Review]*, **1**, 72 (1939).
3. Caudill W. The Study of Japanese Personality and Behavior, *Rice University Studies*, **4**, 37-52 (1970).
4. Pronnikov V. A., Ladanov I. D. Japony [The Japanese] (The main editors of the Oriental literature of the publishing house Science, Moscow, 1985).
5. Wagatsuma H. Study of Personality and Behavior in Japanese Society and Culture, *Rice University Studies*. **4**, 53-63 (1970).
6. Korchagina A. S. Japonskij menedzhment [The Japanese management] (LitRes, Moscow, 2017).
7. Garcia G. Japanese Cultural Traditions and International Business, ed. by B. Christensen and J. Koeman, *Nationalism, Cultural Indoctrination, and Economic Prosperity in the Digital Age* 106-126 (Hershey, IGI Global, 2015).

8. Franklin S. Japanese Business Culture: A Study on Foreigner Integration and Social Inclusion, Richmond: Eastern Kentucky University, fall, 42 (2017).
9. Inoguti T. Politicheskaja kul'tura Japonii [The political culture of Japan], Ezhegodnik Japonija [Japan Yearbook], 76-96 (2017).
10. Garcia G. Japanese cultural values in business relationships, Elcano Royal Institute, 12 (2015).
11. Chang L. Ch. A Study on Japanese Culture and Styles of Business Negotiation, Semantic Scholar, 6 (2011).

Сведения об авторах:

Испердинова Ж.И. – Магистрант 2-курса кафедры востоковедения, факультета международных отношений, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, ул. Сатпаева 2, Астана, Казахстан.

Isperdinova Zh.I. –Second year master's degree student of the Faculty of International Relations, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, Astana, Kazakhstan.



*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы -
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, № 4 (125)/2018, 92-96pp.*
<http://bulpolit.enu.kz/>; E-mail: vest_polit@enu.kz

МРНТИ 16.21.07

Ж.Н. Алашбаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: zhanna_alash@mail.ru)*

**М.Қашқаридың “Диуани лұғат ат-түрік” шығармасындағы
мақал-мәтелдердің этномәдени сипаты**

Аннотация. Мақалада М.Қашқаридың әйгілі шығармасы «Диуани лұғат ат-түркі» келтірілген мақал-мәтелдердің этномәдени аспектілері қарастырылған. XI ғасырдағы түркі әлеміндегі белгілі ойшыл Махмұт Қашқаридың „Диуани лұғат ат-түрік“ еңбегінде түрлі қоғамдық топқа жататын адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті адамгершілік, әдептілік мәселелері көтеріледі. Автор халық ауыз әдебиеті игіліктерін пайдалану негізінде баяндау мәтінін ғибратты және өнегелі бағытта әрлендірген. Тәлімді ойшыл ғалымның ұстанымы ақыл-парасат арнасы сөз өнерінен, нақыл сөздерден, даналық ойлардан, ақиқаттан бастау алды. Мақал-мәтелдерді қолдану негізінде автордың ойы оқырманға жеңіл жеткізіледі және оның есінде көпке дейін сақталады. Бүгінде Махмұт Қашқаридың көптеген қанатты, нақыл сөздері ел арасына кеңінен тараған. Мақалада түрлі мақал-мәтелдерге этномәдени ракурста талдау жасалған.

Түйін сөздер: мақал-мәтелдер, М.Қашқари, «Диуани лұғат ат-түркі», ұлттық мәдениет, халық даналығы, мәдениет

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2018-125-4-92-96>

Кіріспе. Түбі бір түркі халықтары тілінің өрісін кеңейтіп, тіл білімі тарихында салыстырмалы тарихи әдісті тұңғыш рет қолданған ғұлама ғалым Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі, яғни, түркі тілі сөздігінің жинағы түркі тілінің тұтастығын білдіретін ұқсастықтары мен ерекшеліктері айқындалып, сөздік қоры жинақталған еңбек. Ұлы ғалым, ауыз әдебиетін зерттеуші, саяхатшы және де түркі тілдерінің тұңғыш ғылыми грамматикасын жасаған Махмұд Қашқаридың Бағдат қаласында жазылған түркіше-арабша бұл сөздігі түркі тілдері бойынша ауқымды және ежелгі мұралардың қатарынан. Күллі түркі халықтарына ортақ бұл мұрада түркі халықтарының тарихы, тілі және дәстүрі бойынша мәліметтер берілген.

Мақсаты. Қазіргі кезде түркі әлеміне ортақ көне мұраларымызды зерттеу аса өзекті мәселелердің қатарында. Сондықтан да біз М.Қашқаридың „Диуани лұғат ат-түрік“ шығармасындағы мақал-мәтелдердің этномәдени сипатын көрсетуді мақсат етіп белгіледік.

«Диуани лұғат ат-түрік», яғни, түркі тілі сөздігін отандық және шетелдік көптеген ғалымдар аударып, зерттеулер жүргізген. Олардың қатарында неміс тіліне аударған (1928 ж.) неміс ғалымы Броккельмен, осман түріктерінің тіліне аударған (1939 ж.) түрік филологы Басым Аталай, өзбек тіліне аударған (1960 ж.) ғалым С.Муталлибов және де кеңес

ғалымдары Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов, А.К. Боровков, қазақ ғалымдары Ф.Оңғарсынова, А.Егеубаев сөздіктегі өлең-жырларды, мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аударған.

Міндеті. Мақалада М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасындағы мақал-мәтелдердің этномәдени сипаты беру; аталмыш дастандағы мақал-мәтелдердің әлеуметтік-мәдени талдауын жасау; әйгілі түркітанушылардың еңбектерін зерттеп, өзіндік пайымдау әзірлеу; келтірілген мақал-мәтелдерді жіктеу; мақал-мәтелдердің мәдени мән-мағынасын анықтау сынды міндеттер белгіленген.

Тарихы. Бұл шығарма орта ғасырдағы түркі әлеміне ортақ бірнеше мыңнан астам түркі сөздері мен жеке тайпаларға қатысты диалект сөздер бар. “Диуани лұғат ат-түрік” автор қолымен жазылған түпнұсқасы сақталмаған. Бұл еңбектің бізге жеткен жалғыз нұсқасы 1266 жылы Шам қаласында көшіріліп, 1915 жылы Стамбулда Әли Емірі ефенді тауып алған нұсқасы. Түпнұсқасы сақталмаған. Көшірме нұсқасы Стамбулдың Фатих кітапханасында сақтаулы. Бүкіл әлемдегі түркі тілдес халықтардың бәріне бірдей ортақ асыл қазына, тілдік, әдеби, тарихи, этногр., т.б. тұрғыдан мейлінше бай мұра екені даусыз.

Зерттеу әдістері. Махмұт Қашқаридың шығармашылығындағы этномәдени негіздерді ғылыми тұрғыда зерттеуде түркі жазбаларының, ондағы ой-пікірлердің және халық тәлімінің алатын орны, бұлардың арасындағы сабақтастықты арнайы қарастырғанды жөн көрдік.

Еңбекте кездескен үш жүзге тарта мақал-мәтелдерден-ақ әрбір халықтың болмысы мен дүниетанымы оның тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінен, өмірлік ұстанымдарын байқаймыз. Мұндай ерекшеліктер халықтың рухани, мәдени құндылықтарының негізін сипаттайтын этностың тілінде жақсы сақталады, тілі арқылы оның рухани-мәдени және тұрмыстық өмірінен толық ақпарат алуға болады.

Нәтижесі/Талқылау. Әрбір адам әлемді өз тілі мен мәдениетінің аясында ғана таниды, соған сәйкес дүниені әртүрлі қабылдайды. В. Гумбольдт: «Тіл халық рухының сыртқы көрінісі іспетті: тіл – халық рухы, халық рухы – тіл. Бұлардан өзге бір-біріне соншалықты етене жақын нәрсені елестетудің өзі мүмкін емес» дейді [1]. Тілдің көмегімен әрбір ұрпақ өткеннің ұлағатын ұғынады, жетілдіреді. Әрбір жетілдірілген, толықтырылған білім сан мыңдаған сөздің, паремиялардың мағыналық астарында, мазмұндық ішкі құрылымында орнығып, сақталып отырады.

М. Қашқари да тілдің құдыретін мына мақал-мәтелдермен жеткізеді: Erdem başı til (мағынасы: Әдеп – қасиет (өнер) басы тіл (МҚ, I бөлім, 394-бет). Бұл жерде «жақсы сөз», «ізгі сөз» хақында айтылған); Tilin terigige tegir (мағынасы: Тілімен дастарханға жетер (МҚ, I бөлім, 488-бет). Бұл мақал «Кісінің өнері өзінің тілінен білінеді» деген мағынада); Savin sauraqqa tegir (мағынасы: Сөз сағраққа жеткізер / шырын сөз ханның кесесінен сусын ішкізер (МҚ, I бөлім, 531-бет).

Ә.Т. Қайдар: «Этностың дүниеге келуіне ұйытқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып-білудің өлшемі де – сол тіл» [2] деп тілдің адамдар қауымдастығының этномәдени негізін құрайтынын көрсетеді. Адамзаттың ой-санасы толып, таным-түсінігі артқан сайын өзіне дейінгі материалдық және рухани мұраларды зерттеу қажеттілігі күн өткен сайын арта түседі. Бүгінде ғылымды да, әдебиет пен өнерді де, ойдың орамдылығы мен тілдің құнарлылығын да, материалдық және рухани қажеттіліктердің деңгейін де мәдениеттің аясына сыйғызады.

Мәдениеттің мәнін В. Воробьев былайша көрсетеді: «Мәдениет – адам өмірін реттеуші қоғамдық құбылыстың ерекше түрі; ұлттық тұлғаға, әсіресе оның ішкі рухани әлеміне деген айрықша назар; тұлғаның материалдық және рухани шығармашылық саласындағы амал-тәсілдерінің жиынтығы; материалдық және рухани құндылықтарды бөлу мен пайдалану тәсілдері; адамзаттық прогреске ықпал ететін қоғамдық қарым-қатынастар саласындағы жетістіктер» [3] десе, К. Герц «Мәдениет – тарихи жалғасым тауып, символға айналған мағыналар моделі, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан түсініктер жүйесі. Адамдар

қарым-қатынасы сол жүйенің көмегімен жүзеге асады, соның негізінде адамның өмір жайлы білімі және өмірлік ұстанымдары бекиді, дамиды» [4] деп анықтама береді.

Егер әлем, ғалам, дүние дегенді «адам және оның ортасының өзара байланысы» деп түсінетін болсақ, «дүние суреті – адам және орта туралы ақпараттардың өңделуінің нәтижесі. Ал дүниенің тілдік суреті дегеніміз – этностың әлем жайлы қордалаған білімінің, өмір сүрген ортасын игеру барысында сан ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық-мәдени тәжірибесінің тілінде көрініс табуы, бейнелеуі, шегенделіп бекуі» [5].

Тіл иесінің қоршаған ортаны игеруіне қатысты жинақтаған өмірлік тәжірибесі тілдік бірліктердің ішкі мазмұндық құрылымында этномәдени ақпараттар жүйесі түрінде сақталады. Осы тұрғыдан алғанда, тілдегі мақал-мәтелдердің жиынтығынан тұратын паремиялогиялық қор – этномәдени ақпараттар жүйесінің құрамдас бөлігі болып саналады. Өйткені паремиялардың, яғни мақал-мәтелдердің мазмұн мен мағыналық құрылымында, ішкі формасында ұлттың сан ғасырлық қоғамдық, тарихи, мәдени тәжірибесі бекітіледі. Сондықтан да әр паремияны дүние бейнесінің кесіндісі, дүние суретінің тілдік моделі деп санауға болады. Мысалы, *Taz keliki börikşide* (мағынасы: Таздың келері бөрікші / Таздың барар жері бөрікшінің дүкені (МҚ, I бөлім, 52-бет); *Quş qanatın er atın* (мағынасы: Құс қанатымен, ер атымен (МҚ, I бөлім, 63-бет); *Tilkü öz inige ürse usuz bolur* (мағынасы: Түлкі өз ініне үрсе, қотыр болар (МҚ, I бөлім, 84-бет). Бұл мақал өз елін, өз жерін жамандамауға шақырады); *Öküz azaqı bolıñša buzaıu başı bolsa jig* (мағынасы: Өгіздің аяғы болғанша, бұзаудың басы болса игі (МҚ, I бөлім, 84-бет). Бұл мақал басқаға жүгінді болғаннан, бас-басына болған артық дегенді білдіреді); *Erkeş eti em bolur, eškü eti jel bolur* (мағынасы: Еркеш еті ем болар, ешкі еті жел болар (МҚ, I бөлім, 125-бет); *Us üşküirse ölü* (мағынасы: Бүркіт адамға қарап ысқырса, шаңқылдаса, өлімнің алапаты деп санайды (МҚ, I бөлім, 270-бет); *Quzda qar eksümes qojda jay eksümes* (мағынасы: Құздан қар кетпес, қойдан май кетпес (МҚ, I бөлім, 384-бет); *İt şaqıı atqa tegir, at şaqıı itqa tegmes* (мағынасы: Шегір көз ит атқа теңесер, шегір көз ат итке теңелмес (МҚ, I бөлім, 420-бет). Өйткені шегір көз аттың көзі жақсы көрмейді. Бұл мақал ондай атқа жақын бармауды меңзеп айтылған); *Keriş jayıı oıulqa qalıg* (мағынасы: (аттың) арқасының жауыры ұлға қалар (МҚ, I бөлім, 426-бет). Иық-омыртқа буындары түйіске тұс болғандықтан, ол жердің жауыры тез жазылмайды. Бұл мақал сондай жауырдан сақтану керектігін меңзейді; *Böriñ ortağ quzıunñ jııaş başında* (мағынасы: Бөрінікі ортақ, құзғындікі ағаш басында (МҚ, I бөлім, 498-бет). Құзғын бөрінікіне ортақ, өзінікін ағаш басында отырып жейді; *Supuzıanda ev bolmas, topurıanda av bolmas* (мағынасы: Молада үй болмас, тозанды жерде аң болмас) (МҚ, I бөлім, 575-бет) сияқты паремиялар қазақ даласында кездесетін аң мен құстардың түрін ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар қазақ халқының аңшылық кәсібін де хабардар етеді.

Ал *Qajnar ögüz keşiksiz bolmas* (мағынасы: Ағынды өзен өткелсіз болмас) (МҚ, I бөлім, 449-бет) мақал-мәтелдер қазақ жерінің географиялық бет-бедерінің, ой-шұңқырының сипатын танытатын болса, *Sabanda sandııř bolsa örtkünde irteş bolmas* (мағынасы: Жер жыртқанда есеп-қисап болса, қырманда даушар болмас) (МҚ, I бөлім, 462-бет) сияқты паремияларының образдық негізіне жер жырттып, егін еккен диханшы өмірі алынып, семантикалық жағынан өмірлік қағидаттар мен ситуациялық мәселелер сипатталады.

Boldaşı buzaıu ökü (мағынасы: Болар бұзау өгіз арасында-ақ белгілі) (МҚ, I бөлім, 587-бет); *Evdeki buzaıu ökü bolmas* (мағынасы: Үйдегі бұзау өгіз болмас) (МҚ, I бөлім, 505-бет); *Toqum buzub qudrıqta pişak sıma* (мағынасы: Малды (сойып) бұзып болып, құйрыққа пышақ сындырып алма) (МҚ, I бөлім, 533-бет); *Ayılda oılağ tuısa ariqda otı ün* (мағынасы: Қорада лақ туса, арықта шөп өнер) (МҚ, I бөлім, 94-бет); *Taz keliki börikşide* (мағынасы: Аңдыз (шөп) болса ат өлмес) (МҚ, I бөлім, 146-бет); *Inğan iğrasa botu bozlar* (мағынасы: Інген аңыраса, бота боздар) (МҚ, I бөлім, 150-бет) мақал-мәтелдер адамға қарата қолданылғанымен, олардың түп негізінде қазақ халқының ата кәсібі – мал шаруашылығына байланысты жинақталған ғасырлық іс-тәжірибесі жатады.

Quruу jıyaş egilmes, qurmış kiriş tögülmes (мағынасы: Қураған ағаш иілмес, қурылған кіріш (садақтың кіріші) түйілмес) (МҚ, I бөлім, 236-бет); Közegü uzun bolsa elik köjmes (мағынасы: Көсеу ұзын болса, қол күймес) (МҚ, I бөлім, 507-бет); Qoş qılış qırqa sıymas (мағынасы: Қос қылыш (бір) қынға сыймас) (МҚ, I бөлім, 415-бет) тәрізді мақал-мәтелдер еңбек құралдары атаулары сияқты тұрмыстық зат атауларының көмегімен жасалып, паремиологиялық дүние бейнесімен ұштастырады.

Қорытынды. М.Кашқаридың „Диуани лұғат ат-түрік“ шығармасындағы мақал-мәтелдерді зерттеу барысында түркология үшін көптеген деректерге қол жеткіздік. Мақал-мәтелдерді этномәдени тұрғыдан зерттеу сол кездегі адамдардың психологиялық қасиетін, ойлау қабілетін, таным-түсінігін анықтауға мүмкіндік берді. Мақал-мәтелдерде тіл иесінің этностық болмысын танытатын мағлұматтар көптеп сақталған.

Орта ғасырда жазылған бұл шығармадағы мақал-мәтелдердің этномәдени сипаты қазақ тіліндегі мақал-мәтелдермен өте ұқсас келеді. Адам жаратылысы, тілдік бейнелер, мал шаруашылығы, тіршілік иелеріне қатысты өмірлік тәжірибелері, тұрмысқа қатысты бұйымдар мен мүліктер әлемі екі дәуір адамдарының таным-түсінігінің, ойлау қабілетінің ұқсастығын танытады. Тіліміздегі ұлттық сипатты тануда жазба ескерткіштер тіліндегі мақал-мәтелдерді этномәдени тұрғыдан зерттеу маңызды. Ұлттың басынан өткерген жағдайлар тарих арқылы таңбаланып, халық жадында мәңгі сақталады.

Әдебиеттер тізімі

1. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. –М.: Прогресс, 1984. –400 с.
- 2.Қайдаров Ә.Т.Этнолингвистика\ Білім және еңбек. –1985. –№10. –Б.50.
- 3.Воробьев В.В. Лингвокультурология. Теория и методы. – М.: Рос. ун-та дружбы народов, 1997. – 331 с.
- 4.Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков /Пер. санг. А.Д.Шмелева, под ред. Т.В.Булыгиной.-М.: Языки русской культуры, 1999. – 780 с.
5. Н.Уәлиұлы «Фразеология және тілдік норма». – А.: РБК, 1998. –126 б.
6. Қашқари М. «Түрік тілінің сөздігі»: (Диуани лұғат ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы/ Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубаев. - Алматы: Хант баспасы, 1997. –1-том, 590 б.
7. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. –А.: Ғылым, 1999. –200 б.

Ж.Н. Алашбаева

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Этнокультурный характер пословиц и поговорок в произведении М. Кашгари «Диуани лугат ат-турк»

Аннотация. В статье рассматриваются этнокультурные аспекты пословиц и поговорок, приведенных в тексте знаменитого произведения М.Кашгари «Диуани лугат ат-турк». В работе «Диуани лугат ат-турк», известного мыслителя в тюркском мире XI века Махмут Кашгари, изучается культура общения между людьми, относящимися к различным общественным группам. Автор на основе использования достояний устного народного творчества украшал текст повествования в назидательном и поучительном ракурсе. Позиция мудрого ученого берет начало со словесного искусства, с мудрых словесных изречений, крылатых фраз, а также истины. Благодаря использованию пословиц и поговорок мысль автора легко доносится до читателя и надолго сохраняется в его памяти. Сегодня многие крылатые, выразительные слова Махмут Кашгари широко распространены среди народа. В статье сделан анализ различных пословиц и поговорок с этнокультурного ракурса.

Ключевые слова: пословицы и поговорки, М.Кашгари, «Диуани лугат ат-турк», устное народное творчество, национальная культура, народная мудрость, культура.

J.N. Alashbayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**The ethno-cultural character of proverbs and sayings in the work
of M. Kashkari's "Diwan Lughat Al-Turk"**

Abstract. The article deals with the socio-cultural aspects of the proverbs and sayings that were cited in the text of the famous work of Kaşgarlı Mahmut «Divanü Lugat'it-Türk». In «Divanü Lugat'it-Türk», the work of a famous thinker in the Turkic world of the XI century Kaşgarlı Mahmut, is described the communication culture between people from different social groups. The author, on the basis of using the richness of oral folklore that adorned the text of the narrative in an instructive foreshortening. The position of the scientist starts from verbal art, wise aphoristic speech, brilliant ideas and also the truth. Through the use of proverbs and sayings, the author's thought is easily conveyed to the reader and remains in his memory for a long time. Many winged, expressive words of Kaşgarlı Mahmut are widespread among the people today. The article analyzes various proverbs and sayings from the socio-cultural perspective.

Keywords: proverbs and sayings, Kaşgarlı Mahmut, Divanü Lugat'it-Türk, folklore, national culture, folk wisdom, culture.

References

1. Gumbol'dt V. Izbrannye trudy po yazykoznaniiu [Selected works on linguistics] (Progress, Moscow, 1984).
2. Qaidarov A.T. Etnolingvistika [Ethnolinguistics], Bilim zhane enbek [Education and labor], **10**, 50(1985).
3. Vorobyov V. V. Lingvokulturologia. Teoria i metodi. [Linguistic Culturology. Theory and methods] (Peoples ' friendship University of Russia, Moscow, 1997).
4. Vejbitskaya A. Semanticheskie universalii i opisanie yazikov [Semantic universals and description of languages] (Languages of Russian culture, Moscow, 1999).
5. Yaliulu N. "Phraseology zane tildik norma" [Phraseology and language norm] (RBK, Almaty, 1998).
6. Qashqari M. Divani lugat it-turk [Dictionary of Turkic languages: (Diwani lugat it-turk) (Hunt publisher, Almaty, 1997).
7. Kishibekov D. Qazaq mentaliteti: keshe, bugin, erten [Kazakh mentality: yesterday, today, tomorrow] (Science, Almaty, 1999).

Авторлар жайлы мәліметтер:

Алашбаева Ж.Н. – түркітану кафедрасының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Жанкент көшесі 55, Астана, Қазақстан.

Alashbayeva J.N. – doctorate student of the chair of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Jankent street 55, Astana, kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы -
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, № 4 (125)/2018, 97-101pp.
<http://bulpolit.enu.kz/>; E-mail: vest_polit@enu.kz

XFTAP 17.71.91

П.С. Усипбаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: peri_us@mail.ru)

Түркі халықтарының батырлық эпостарындағы қалыңдық іздеу мотиві

Аннотация. Эпостық жырлар – түркі халықтарының ғасырлар қойнауынан ұрпақтан-ұрпаққа жеткен рухани, мәдени мұрасы, сөз өнерінің асыл қазынасы. Қаһармандық эпос халық өмірінің тұтас бір дәуірін жан-жақты қамти отырып, сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы ерлік күресін, ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар мен тартыстарды ашып көрсетеді. Халық ауыз әдебиетіндегі «батыр» сөзі батыл, өжет, мықты ер, азамат деген ұғымды білдіреді.

Түркі халықтарының эпостық жырларындағы батырдың қалыңдық іздеуі мотиві – ерекше құбылыс. Дастандардағы кейіпкерлердің эпос оқиғасын мотивтерге жіктеп қарастыру сюжеттің дәстүрлі бітімінен туындап жатқан тұжырымдар екенін білдіреді. Мақалада түркі халықтарының мәдени құнды дүниелерінің бірі болып саналатын эпостық жырлар мен қаһармандық дастандардағы батырдың қалыңдық іздеу мотиві мен ортақ сюжеттері сипатталады.

Түйін сөздер: мотив, сюжет, қаһарман, батыр, қалыңдық, үйлену, эпостық жырлар, түркі халықтары.

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2018-125-4-97-101>

Кіріспе. Әлем өркениетіндегі өзіндік орны айқындалған рухани құндылық, бай мұра – эпостық жырлар. Кейінгі замандардағы эпостық дәуірге, әсіресе, батырлық жырларға негіз болған, ең ежелгі замандарда қалыптасқан жырдың түрі – эпос. Оның өзгешеліктерін зерттеу, өзге жанрлармен байланысын анықтау жалпы эпос жанрының пайда болу тарихымен тығыз байланысты. Бүгінгі таңда түркі халықтарына ортақ эпостардың ішінде батырлық жырлар көбірек қарастырылып, ғалымдарымыздың арнайы зерттеу нысанына айналып отыр. Десек те, қаһармандық эпостардағы сюжетті, мотивтерді ғылыми тұрғыда жаңаша зерттеу қажеттілігі басым. Туыстас түркі халықтарының арасындағы дәстүр жалғастығының сақталғандығын бағамдау – қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі.

Көне эпостардың типологиялық ерекшеліктерін анықтауға қазақ ғалымдары М. Әуезов, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, Ә. Қоныратбаевтың еңбектері үлкен септігін тигізген болса, орыс ғалымдарынан Е.М. Мелетинский, В.Я. Пропп, Б.Н. Путилов, Ж.К. Лебедевтар атсалысып келді. Түркі эпостарының сюжеттерін мотивтерге бөліп, олардың әрқайсысын кең түрде салыстыра қарастырған, ішкі мағыналық ұқсастықтары мен даралық белгілеріне қарай ажыратқан ғалымдардың бірі – В.М. Жирмунский. Эпостың шығу тарихы, даму жолдары, халықтығы, көркемдік компоненттерінің қалыптасуы, нұсқаларының айырмашылықтары мен ұқсастықтары туралы біраз тұжырымдар тұрақтанды: сюжеті жағынан өзге ұлттық нұсқалармен салыстырылды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Түркі халықтарының, оның ішінде қазақ, қырғыз, қарақалпақ қаһармандық дастандарындағы қалыңдық іздеу мотивінің этномәдени мазмұнын саралау.

Тарихы. Көптеген дастан, жырлар өмірбаяндық мотивтерден, яғни, батырдың ғайыптан тууын, батырға тән балалық шағын, ат таңдауын, алғашқы ерлігін, қаһармандықпен үйленуін баяндаудан басталатыны белгілі.

Классикалық батырлық жырларда қаһарман әдетте алғашқы ерлігін үйлену мақсатында жасайтыны да анық. Үйлену сапарына шыққан бас кейіпкерлердің барлығы бірдей батыр әрі олардың жеңіске жетуінің бірден-бір жолы қарсыласынан ақ білектің күшімен, ақ

найзаның ұшымен, ашық шайқаста, ешқандай қулық-сұмдыққа, үшінші біреудің немесе сиқырдың күшіне сүйенбестен басым түсуі болып табылады.

Эпостық, батырлық жырларда зерттеушілердің алдымен сюжетке жүгіне бастауы бекер емес. Сюжет – көп қырлы, алуан иірімді оқиғалардың жиынтығы ғана емес, көркем шығарманың өзегі деуге болады. Ғалым З. Қабдолов «Сюжеттік дамудың кезең-кезеңдерін тәртіпке салып, реттеп, қиыннан қиыстырып тұратын нәрсе – шығарманың композициясы», - дейді [1, 79 б.].

Түркі халықтарының эпостық жырларындағы батырдың қалыңдық іздеу мотиві ерекше құбылыс деп айтуға болады. Жар іздеу – батырлар жыры, көне архаикалық эпос, лиро-эпос немесе түркі дастандарында жиі кездесіп, бір-бірімен байланысып, ұштасып жатады. Бұл жырларда көбіне кездесетін жағдай – батыр жарын жекпе-жекте, жарыста немес қыз әкесінің жарлығы бойынша бір талабын орындау арқылы қосылады.

Сонымен қатар батырлық жырларда эпостың архаикалық-мифологиялық, психологиялық сана қалдықтарын көреміз. Басты қаһарманның бейнесіндегі қиял-ғажайып, мифология мотивтері, ал оның шынайы тұрғыда суреттелуі мүмкін емес екені белгілі және көбіне халықтың дәстүрлі жолдың ұстануын, наным-сенімдік ұғымдары көп әсер ететіні байқалады.

Фольклорлық шығармалар – тарихымызды зерттеудегі құнды деректердің бірі. Қандай да болсын фольклорлық шығарманың негізінде өмір шындығы бейнеленеді. Әрине, архаикалық фольклордан тарих іздеу қиын. Дегенмен де, көне мифтік аңыз-әңгімелерден халықтың дүниетанымын, кейбір көне әдет-ғұрыптар ізін көруге болады. Ал түркі дәуірінен бергі фольклорлық шығармалардан сол замандағы тарихи-этнографиялық болмыстың елесін, жаңғырығын таба аламыз. Ал ноғайлы дәуірінен бергі замандағы фольклорлық шығармалардың ішінен тарихта болған оқиғаларға арналған, тарихи тұлғаларға арналған жырларды фольклоршылар жеке жанрға – тарихи жырлар деп бөліп қарастырады. Тарихы көбінесе ел жадында ауызша сақталып келген көшпелі қазақтар үшін осы тарихи жырлардың деректемелік орны бөлек. Дегенмен де фольклорлық шығармаларға дерек ретінде сүйенгенде, онда әсірелеудің, тарихи тұлғаларға типтік образдық портрет берілетіндігін ескеру қажет. Жырда тарихи нақтылы құбылыстар дәлме-дәл қайталанбайды.

Эпос оқиғаларының желісі уақыт пен кеңістік жағынан белгілі бір тәртіппен орналасып, бас-аяғы бүтін көркем шығармаға айналады [2, 268 б.].

Мотив – сюжет аясында өзінше дербестігі бар, оқиғасы іштей тұжырымдалып, жинақталған бүтіннің бөлшегі, яғни толып жатқан оқиғалар тізбегінен құралатын сюжеттің жекелеген қиындысы [3, 143 б.].

Ғалым Ш. Ибраев: «Көлемі жағынан онша үлкен емес жырды сюжеттің өрбуіне қарай мотивтерге жіктеп шығу айтарлықтай қиындық тудырмайды. Алайда сюжеттің типологиясы мен поэтикасын сөз етуде мұның пайдасы шамалы» дей келе, бұл ұғымды *сюжеттік инвариант* деп, төмендегідей жіктеп көрсетеді:

I сюжет. *Батырға тән балалық шақ және кейіпкердің үйленуі / кейіпкерге лайық құдалық.*

1. Суреттеу – ру /тайпа, ата-ана/ туралы сөз.
2. Кейіпкердің ғажайып жаратылысы.
3. Батырға тән балалық шақ.
4. Алғашқы ерлік /кейінгі эпостарда кезіге бермейді/
5. Қалыңдық туралы хабар /қалыңдығын іздеу/.
6. Қалыңдықпен сынға түсу, белдесу /немесе күйеулер арасындағы бәсеке/.
7. Жеңіс және кейіпкердің қалыңдығымен оралуы.

II сюжет. *Батырға тән ерліктер.*

8. Жаудың шабуылы туралы хабар.
9. Жорыққа аттану.
10. Батырлардың белдесуі/кейде жорық сәтсіз болып, батыр тұрқынға түседі.

11. Жекпе-жек және кейіпкердің жеңісі.

12. Жеңіспен оралуы.

III сюжет. Жаудан /құлдан, бақталастан/ руды / тайпаны, қалыңдықты, туған-туысты/ азат ету.

13. Қалыңдық туралы немесе туған-туыстың /рудың/ тұтқынға түскені /қорлық көргені/ жөнінде хабар /түс көру, белгі берілу/

14. Кейіпкердің қалыңдығына дұшпанның /«Қобыландыда» - Алшағыр хан /бәсекелестің немесе құлдың /«Алпамыста» - Ұлтанқұл / үйленуді ниет етуі

15. Қалыңдықпен жасырын кездесу / «Қобыланды»/ , немесе қалыңдығының тойына бөтен адамның кейіпінде келуі / «Алпамыс»/

16. Күрес /жарыс/ үстінде кейіпкердің танылуы.

17. Туған жерге оралу немесе бәсекелестерді, құлдарды жазалау.

18. Той [4, 248 б.]

Ғалымның жіктеуіндегі алғашқы екі сюжеттердің (I және II) өз алдына жеке-жеке көптеген жырларға арқау болғанын көре аламыз. Қаһармандық эпостардың сюжеті мен мотивін осылайша жіктеп, басқа да батырлық жырлармен салыстыра отырып, өзара іштей үш түрлі сюжеттердің инварианты бар екендігі анықталады. Бұл жіктеулерді С. Қасқабасовтың еңбектерінен де көруге болады.

Байырғы эпостардың қатарына жататын «Дотан», «Құбығұл», «Құламерген, Жоямерген» жырларының түп қызығы үйлену, үй ішін қорғау сюжетімен төркіндес. Рас, бұларда көптеген осынша мотивтер, мәселен, Құбығұлдың қыз еліне жасырын баруы, жалмауыз кемпірдің Дотанды Шынтемір ханның қызын әкелуге жұмсауы, Құламергеннің Жалмауыздан қашып жүруі, т.б. Ондай мотивтер өзге эпостық жырларда көп қайталанбайтын болғандықтан, сюжеттік инвариантқа жатқызылған жоқ.

Осындай түркі халықтарына ортақ эпостық шығармалардың бірі – «Алпамыс жыры». Белгілі фольклортанушы В.М. Жирмунский оның ең көне нұсқасын VI-VIII ғасырларға жатқызады. Алпамыстың бұдан кейінгі таралуы IX-X ғасырларға – оғыз-қыпшақ замандарына сәйкес келеді.

Ғашықтық тақырыбын қозғайтын дастандардағы бас кейіпкерлердің барлығы бірдей батырға күш-қайратымен ғана емес, ұстамды мінез-қылықтарымен де, ең алдымен туған елінің намысын ойлайтынымен де дараланады. Жалпытүркілік эпос үлгілерін айта отырып, бас кейіпкерлердің қалыңдықтары жарға деген адалдығын сақтай білгендігін байқаймыз.

Дүниежүзі эпосынан үндестік табатын сюжеттің көнелігінде дау жоқ. Бірақ типтік оқиғаға дейінгі батырдың басынан кешкендері этникалық тегі бір халықтарда /грек, орыс/ әртүрлі оқиғалармен әдептеледі. Түркі эпосында бұл сюжет батырдың балалық шағы мен үйленуі, сыртқы жауға қарсы ерліктер жасауы сияқты сюжеттермен бірлікте жүреді. Соған қарағанда, бірнеше сюжеттердің кірігуі осы жырлардың эпос ретінде пайда болған мезгілімен қарайлас. Әсіресе бұл түркі халықтарына кең тараған «Алпамыс» сюжетінен анық көрінеді.

Осы орайда түркі халықтарына ортақ үш ұқсастыққа назар аударатын болсақ:

біріншіден: батырдың болашақ жарының шыққан елі. Алпамыстың қалыңдығы Гүлбаршын (негізінен қалмақ елінде жүрсе де) және Қобыландының болашақ жары Құртқа – бөтен елдің, қызылбас елінің қызы.

екіншіден: батырлар сапарға аттанып, барған елінде жарымен қауышып, хан болса да, ақыры еліне қайтып келеді, олар сапарға аттанған кезден-ақ еліне қайтуды ойлайды.

үшіншіден: «жар іздеу» мотивінің негізгі түйіні үй болу, отбасы құру, ол қалыңдыққа өзіндей, не өзінен де асып түсетін ұрпақ қалдыру тілегіне келіп тіреледі. Жалпы жырларда батырлар бірнеше рет үйленсе де, осы сапардың нәтижесінде үйленген қалыңдықтары негізгі жары – бәйбіше болады (Алпамыс-Гүлбаршын, Қобыланды-Құртқа қырғыз батырлар жырының кейіпкерлері Жаныш, Байыш – Айчолпан мен Күнчолпан, т. б.).

Түрік халықтарының эпостық жырларының барлығында батырдың үйленуіне ерекше көңіл бөлінеді. Үйлену батырдың алдында өтуге тиіс асулардың біреуі деп қаралған. Жырларда жігіттің мықты батыр екендігі – өзіне сенімді серік, сүйікті жар тауып алуына байланысты айтылады. Бірақ оның үйленетін сұлуы да – өзіндей ерекше жан. Ол да кейде ерлігімен аты шыққан, көптеген жігітпен күш санасып, палуан, мерген болады және де елден асқан, теңдесі жоқ сұлулығымен бірге ақылдылығымен де ерекшеленеді. Батырдың өзі сияқты ол да жай отбасынан шықпайды. Ол міндетті түрде текті: хан, бек және шалқыған шексіз байлыққа иелік етуші әке-шешесінің баласы болып келеді.

Алпамыс жырының бас қаһарманы он жасқа келгеннен кейін, ойнап жүріп ұрған баласы өліп қала беретін болады. Сөйтіп жүріп ол өрмек тоқып отырған кемпірдің жалғыз баласын өлтіріп қояды. Сонда кемпір Алпамысқа:

Ойыңа келгенінді қылып жүрсің

Сарыбай қызын бермей кетті қашып,

Несіне ойын ойнап күліп жүрсің? – дейді [5, 54 б.]

Бұл сөзді естіген Алпамыс жолға шығады, сөйтіп сюжетті құрайтын іс-әрекеттің негізі қаланады.

Қобыланды батырдың Құртқаны әкелуге кеткен алғашқы сапарын біреу біліп, біреу білмей қалады. Жылқыда жүрген жерінде оп-оңай қыз еліне аттанып жүре береді. Ал негізгі сапары Қазан ханның еліне аттанарда мотив-сөздегі хабар, жолға даярлық, туыстарымен қоштасу ұзаққа созылады.

«Алпамыс» жырында батырдың ат таңдауы, қару-жарақ сайлануы, хабардың ұзақ баяндалуы алғашқы жорығына – Гүлбаршынды қалмақ елінен азат етіп әкелуімен байланысты.

Классикалық қаһармандық эпостағы батырдың жорыққа шығу себебі басқашалау. Мұндағы хабар көбінесе бір дүркін және ол қалыңдық туралы болып келеді.

Қорытынды. Қызды тауып, уағдаласқаннан кейін дастанға тағы бір сюжет қосылады. Өртүрлі себептермен жігіт қыздан айырылып қалады, немесе қыз ғайып болып кетеді, т. б. Осыдан былай қарай жаңа оқиғалар тізбегі басталып, дастанның құрылымы күрделене түседі. Мұндай жалғасудан пайда болған қосымша сюжетте кейде кейіпкер екінші әйел іздеп, сапар шегеді.

Мотив-сөздің әр эпостағы сипаттамасы, көркемделуі түрліше бола беруі ықтимал. Мәселен, Қобыланды Құртқа туралы барлық мән-жайды жылқышы Естемістен естиді. Онда да таудың арғы астынан шыққан дауысты естіп, оның себебін Қобыланды өзі сұрайды. Бұдан шығатын қорытынды, мотив-сөз сюжеттік байланыс қызметін атқарғанда мазмұн жағынан, көмкерілу ерекшеліктері бойынша әр басқа да, атқаратын қызметі, формасы бойынша бір типтес.

Әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 194 б.
2. Ибраев Ш. Түркі эпосының поэтикасы мен типологиясы. – Астана: Сарыарқа, 2012. – 336 б.
3. Путилов Б.Н. Мотив как сюжетобразующий элемент. Типологические исследования по фольклору. Сборник статей в память В.Я.Проппа. – М.: Современник, 1975. – С.141-155.
4. Ибраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлар жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
5. Алпамыс батырдың қиссасы // Алпамыс батыр. Майкөт Сандыбаев, Сұлтанқұл Аққожаевтың версиясы. Ред. Әуезов М.О., Смирнова Н.С. – Алматы: Қаз ССР ҒА баспасы, 1961. – 105 б.

П.С. Усипбаева

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Мотив поиска невесты в героических эпосах тюркских народов

Аннотация. Тюркский эпос – это сокровище духовного и культурного наследия тюркских народов, передающееся из поколения в поколение. Героический эпос – это сюжетные поэмы, рассказывающие о героической жизни и ратных подвигах батыров, обладавших необычайной силой, защищавших племена и отдельные роды от набегов чужеземцев, спасавших народ от тяжелых бедствий. В устной литературе в понимании народа слово «батыр» означает отважного, справедливого, сильного человека – героя.

Одна из характерных тем тюркского эпоса – мотив поиска невесты героем. Классифицируя мотивы действующих лиц эпоса, можно сделать вывод о том, что они представляют собой продолжение древних сюжетных традиций. В статье рассматриваются мотивы и сюжеты поиска героем невесты как часть культурного наследия тюркских народов.

Ключевые слова: мотив, сюжет, герой, богатырь, невеста, женитьба, тюркские народы.

P.S. Ussipbayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The motive of the bride search in the heroic epics of the Turkic peoples

Abstract. The Turkic epic is a treasure of the spiritual and cultural heritage of the Turkic peoples, passed down from generation to generation. Heroic epic is a narrative poem that tells about heroic life and feats of arms of warriors, possessed of great strength, defending the tribes and the individual families from the attacks strangers who saved the people from heavy disaster. In oral literature in the understanding of the people the word «batyr» means brave, fair, strong man-hero.

One of the characteristic themes of the Turkic epic is the motive of the bride's search for a hero. When classifying the motives of the characters in the epos, it can be concluded that they are a continuation of the ancient plot traditions. The article discusses the motives and plots of the search for the bride's hero as part of the cultural heritage of the Turkic peoples.

Key words: motive, story, hero, best girl, marriage, Turkic peoples.

References

1. Kabdolov Z. Әдебиет теориясынyn negizderi [Fundamentals of Literature Theory]. (Mektep, Almaty, 1970.)
2. Ibraev Sh. Turki ieposynyn poietikasy men tipologiiasy [Poetics and typology of Turkic epos]. (Saryarka, Astana, 2012.)
3. Putilov B.N. Motiv kak siuzhetoobrazujushhii ielement. Tipologicheskie issledovaniia po fol'kloru. Sbornik statej v pamjat' V.Ja.Proppa. [Motive as a plot-forming element. Typological studies on folklore. Collection of articles in memory of V.Y.Propp.]. (Sovremennik, Moscow, 1975.)
4. Ibraev Sh. Iepos әlemi. Kazaktyn batyrlar zhyrlarynyn poietikasy [Epos world. Poetics of Kazakh heroes poems]. (Gylym, Almaty, 1993.)
5. Alpamys batyrdyn kissasy /Alpamys batyr. Maikot Sandybaev, Sultankul Akkozhaevtyn versiiasy. [The epos of Alpamys batyr / Alpamys batyr. Versions of Maykut Sandybayev, Sultankul Akkuzhayev]. (Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Almaty, 1961.)

Сведения об авторе:

